БЕЙСЕНБІ №35 (4575)
3.04.2025

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

ИНВЕСТОР ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРУ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына министрліктің былтырғы атқарған қызметінің қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды.

Ерсайын Нағаспаевтың айтуынша, былтыр өнеркәсіп саласында негізгі капиталға салынған инвестициялар мен өңделген өнімдер экспорты ең жоғары өсім көрсетті. Биыл осы үрдісті сақтап, өндіріс көлемін арттыру жоспарланып отыр.

Президентке геология және цифрландыру бағыттарындағы жұмыстар жөнінде мәлімет берілді. Атап айтқанда, Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы іске қосылды. Қала құрылысы жобалары цифрлы жүйеге көшірілді. Ауылдарда бірыңғай коммуналдық төлем жобасын енгізу жоспарланып отыр. Жасанды интеллект көмегімен геологиялық білім қорын жасақтау қолға алынды.

Кездесу соңында Президент министрге орташа және терең өңделген өнім көлемін ұлғайту, биыл отандық тауар өндірушілердің бірыңғай реестрін құру, инвестор тарту жұмыстарын жандандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы жоспарланған тұрғын үйлерді пайдалануға беру, халықты ауызсумен барынша қамтамасыз ету, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларындағы үдерістерді цифрландыру жұмыстарын белсенді жүргізу маңызды екенін атап өтті. Бұдан бөлек, ведомство басшысына өңдеу өнеркәсібі нысандарын уақтылы іске қосу тапсырылды. Сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласындағы реформаларды мерзімінде әрі сапалы аяқтау міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларын қатаң бақылауға алу қажеттігін айрықша атап өтті.

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКА СЕКТОРЫН ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Энергетика министрі Ерлан Ақкенженовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі отын-энергетика кешенінің жай-күйі, негізгі жобаларды іске асыру барысы мен саланы одан әрі дамыту жоспары туралы есеп берілді.

Президентке отандық мұнай өңдеу зауыттарының қалыпты жұмыс істеп тұрғаны жөнінде баяндалды. Биыл мұнай өңдеу көлемін 17,6 миллион тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ министр Мұнай өңдеу саласын дамытудың 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленіп жатқанын мәлімдеді.

Ерлан Ақкенженов газ өндіру, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарында және Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауыттарын салу жоспарын таныстырды. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральді газ құбырының екінші желісі және «Талдықорған – Үшарал» газ құбырының құрылысы жалғасып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаевқа қуаты 26 гигаваттан асатын жаңа генерациялау кешендерін іске қосу көзделіп отырғаны айтылды. Бұл 2035 жылға қарай ішкі сұранысты өтеу мақсатында қолға алынды.

Кездесу соңында Президент отын-энергетика секторын одан әрі дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы мұнай-газ, мұнай-газ химиясы және электр энергетикасы салаларында жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларды уақтылы әрі сапалы іске асырудың маңызын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елдің энергетикалық қауіпсіздігін сақтауға, тұрғындар мен өндірістік нысандарды қуат көзімен тұрақты қамтамасыз етуге баса назар аудару қажет деп санайды. Президент инвестициялық климатты жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдау, геологиялық барлауға стратегиялық инвесторларды тарту міндеттерін жүктеді.

ҚҰРЫЛТАЙ БАСТАМАЛАРЫ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамалар нақты жоспар негізінде жүзеге асырылатын болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті жоспарға қол қойды. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өзінің Telegram арнасында жариялады.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген бастамаларды жүзеге асыру туралы жоспарға қол қойды. 53 тармақтан тұратын бұл құжатты Президент Әкімшілігі Үкіметпен бірлесіп әзірледі.

Жоспарда Президенттің гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы тапсырмаларын орындауға қатысты нақты қадамдар көзделген», – делінген.

Жоспарға сәйкес Президенттің гуманитарлық бастамаларын жүзеге асыру үшін «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасын әзірлеу, Ішкі саясат тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2026-2028 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспарын қабылдау, Ұлттық цифрлық архив құру, бизнес өкілдерін тарта отырып аймақтарда театрларды салу және дамыту, сондай-ақ ұлттық театрларға қолдау көрсету, шетелдерде Абай институтын ашу тәрізді жобалар қарастырылған. Сонымен қатар Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру да көзделіп отыр.

Ал әлеуметтік-экономикалық бағытта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды жалғастыру, үш жылда 1 300 мектепті жаңғырту, ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтарын ашу, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру көзделген.

Сонымен қатар жоспарда өңірлерді дамытудың тың тәсілдері де ескерілді. Сондай-ақ 2025-2026 жылдары ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолын салу және жаңғырту, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру және жаңа аэровокзал кешенін салу қарастырылып отыр. Әрі жыл сайын елімізде 200-ге жуық инвестициялық жобаны іске қосу да жоспарланды. Сонымен бірге Ұлттық құрылтайда көтерілген бірқатар бастаманы жүзеге асырудың құқықтық негіздері қалыптастырылып, арнайы заңдар қабылдау да ескерілген. Атап айтқанда, шекара маңындағы аудандарды дамыту, ғылым қалашықтарын құру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау, үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы жеке заңдар қабылданады.

Мемлекеттік кеңесші Президенттің Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген бастамалары мен берген тапсырмалары мемлекеттік органдар үшін де, бүкіл қоғам үшін де еліміздің ұзақ мерзімге арналған даму бағдарын айқындайтынын атап өтті.

А.СҰЛТАН

Президент тапсырмасына сәйкес және Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еліміздің орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде бекітілді. Енді Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен «Өрлеу» ұлттық орталығы биыл 805 ұстазды кәсіби бағдар беру курсынан өткізбек. Бұл бастамалардан не күтеміз?

КӘСІБИ БАҒДАР – НАРЫҚҚА БЕЙІМДЕУ КІЛТІ

Оқу-ағарту министрлігі бұл бастама оқушыларға мамандық таңдауға ерте бағыт-бағдар беруге, сондай-ақ оқушылар, ата-аналар, педагогтер, колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталғанын мәлімдеді.

(Жалғасы 5-бетте)

ЭНЕРГИЯ мен ЭКОЛОГИЯ: ҚҰСТАРДЫ ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Қыран бүркіт және басқасы электр бағанасы мен сымға соғылып, тоққа түсіп қырылып жатыр. Бір ғана Зайсан ойпатында 800-дей құстың, соның ішінде құрып бара жатқан «қызылкітаптық» құстардың өлексесі табылды. Гидтердің бірінің айтуынша, құстардың тоқ соғып, жаппай сұлап түскеніне шетелдік саяхатшылар куә болған. Бұған тоқтау салу үшін елімізде құстан қорғағыш құрылғы орнатылмаған электр желілерін қолданысқа енгізбеу ұсынылды. Тиісті заң жобасы қабылданса, бұл жануарларды қорғаудағы маңызды бір жеңіс болар еді.

ҚЫРЫЛАРДАЙ ҚЫРАНҒА НЕ ЗАУАЛ КЕЛДІ?

Жануарларды, соның ішінде құстарды қорғап, аялап сақтау Қазақстанның әлемдегі беделін де арттырады. Ал әзірше Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, Шығыс Қазақстандағы бір ғана Зайсан ойпатында 11 түрлі 791 жыртқыш құстың өлексесі табылды. Оның ішінде 43 бүркіт (Aquila chrysaetos), 11 дала бүркіті (Aquila nipalensis) болған.

Бұдан бөлек, экологтар 4 жыл бойы Батыс және Орталық Қазақстандағы, Еділ-Жайық өзендері аралығындағы, Мұғалжардағы, Арал маңындағы, Сарысу және Бетпақдала құмдарындағы жалпы ұзындығы 288,2 шақырымға созылып жатқан әуелік электр беру желілерінің (ӘЭБЖ) 13 учаскесін егжей-тегжейлі зерттеп шықты. Соның барысында электр тоғынан қырылған 223 ірі құстың өлексесін тапты. Басым көпшілігі, 49,8%-ы – дала бүркіті болған.

(Жалғасы 4-бетте)

САЯСАТ

3 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

КИБЕРАЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру туралы және күзет қызметі мәселелері бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады.
Жалпы отырыс барысында халық қалаулылары киберқылмыс, ұлттық құндылықтарды қорғау, ішкі саясат қауіпсіздігі, сондай-ақ әкімдер мен мәслихаттардың өкілеттігін кеңейту мәселелеріне қатысты бірнеше депутаттық сауал жолдады.

Нұрлан ҚОСАЙ

Мәжіліс инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев заң жобасы «Инновациялық технологиялар паркі» қорын қайта ұйымдастыру туралы шешімді іске асыруға бағытталғанын айтты. Жоба аясында Азаматтық және Кәсіпкерлік кодексте, сондай-ақ сегіз бейіндік заңға өзгерту енгізіледі. Барлық бастама төрт негізгі бағыт бойынша жүйеленген.

«Бірінші блок Astana Hub және «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының функцияларын бір жерге шоғырландыруға бағытталған. Мемлекеттік қолдау шараларын Astana Hub инновациялық кластерлік қорына беру ұсынылады, бұл экожүйенің тиімділігін күшейтеді. Заң жобасының мақсаты – IT-саласында жоғары нәтиже көрсеткен Astana Hub үздік тәжірибелерін біріктіру ғана емес, сонымен бірге оны кеңейту», – деді Ж.Мәдиев.

Министрдің айтуынша, берілген салық преференцияларының әрбір теңгесіне Astana Hub резиденттері 6,5 теңге түсім, 2,1 теңге экспорт және 1,8 теңге тартылған инвестицияларды қамтамасыз еткен. Яғни, әрбір қолдау шарасы экономикаға еселі нәтиже береді. Түзету авторлары бұл тәсілді басқа инновациялық салаларда қолдануды және нақты секторға жұмыс құралдарын енгізуді ұсынады. Қалған екі блок ұзақ мерзімді перспективада өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін Astana Hub дербес кластерлік қоры біріккен ұйымын қаржыландыруға, сондай-ақ венчурлық нарықты дамытуға және бірлескен қаржыландырудың тиімділігін бағалауға қатысты.

Талқылау барысында депутаттар Мұрат Әбенов пен Марат Башимов кибералаяқтық мәселесін көтерді. Цифрлық ортада түрлі себептен туындайтын қылмыстар мен соған байланысты қауіп-қатерлер ауқымы айтарлықтай өскен. Атап айтсақ, банктердің ЭЦҚ мен ЖСН-ды бақылаусыз беруі, банк қосымшаларының қорғалмағандығы, дропперлік және басқалар.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бұл мәселені шешу үшін Мемлекет басшысы тиісті тапсырма бергенін, осыған орай киберкеңістікте жауапкершілікті одан әрі күшейту маңызды екенін айтты.

«Алаяқтық схемаларды ұйымдастырушылар ғана емес, оған ықпал ететіндер де қатаң жауапқа тартылуға тиіс. Ол – мобильді операторлар, қаржы ұйымдарының қызметкерлері, дропперлер және басқа да қатысушылар. Мәселе бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Бұған дейін де бірнеше мәрте уәкілетті органдарға депутаттық сауал жолданған еді. Кибералаяқтықпен күресті күшейтіп, қылмыстық жауапкершілікті барынша қатаңдатуға тиіспіз. Заңды күшейтпей, халыққа қолайсыздық туғызып отырған алаяқтардың әрекетін тоқтату мүмкін емес», – деген Ерлан Қошанов тиісті комитетке заң жобасын әзірлеуді тапсырды.

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТПЕК

Жалпы отырыста мәжілісмендер күзет қызметі мәселелері бойынша депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасын да бірінші оқылымда мақұлдады. Түзетулерді Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Жарқынбек Амантай таныстырды. Оның айтуынша, түзетулер күзет қызметінің сапасын арттыруға және күзет қызметін кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде одан әрі дамытуға ықпал етеді. Депутат түзетулердің бірінші блогы осы саладағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нысандары мен тәртібін жетілдіруге бағытталғанын айтты.

«Күзет қызметі мен мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері тек тексеру нысанында жүзеге асыратын болады. Субъектілердің аталған санаттарына қатысты тексеру жүргізу тәртібі жеке жаңа бапқа шығарылды. Онда, атап айтқанда, тексеру жүргізудің негіздері, ерекшеліктері мен мерзімдері регламенттелген. Тексеруді тағайындау және оның нәтижелері туралы актілерді қабылдау тәртібі мен мазмұны айқындалған, сондай-ақ тексеруді жүзеге асыратын қызметкердің міндеттері белгіленген», – деді Жарқынбек Амантай.

Бұл ретте бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға ғана қолданылатын болады. Түзетулердің екінші блогы қару иелері мен күзет қызметімен айналысатын ұйымдарға қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған. Енді қару иелері – заңды тұлғалар өз қызметін тоқтата тұрған жағдайда 15 жұмыс күннің ішінде қару мен оның патрондарын Ішкі істер органдарына сақтауға тапсыруға міндетті болады. Жарқынбек Амантай бұл норма қаруды қылмыстық мақсатта пайдаланбау және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерді болғызбау үшін енгізілетінін айтты. Бұл ретте жеке күзет ұйымдары өз қызметін тоқтата тұрған, тоқтатқан немесе қайта бастаған жағдайда, сондай-ақ күзет қызметтерін заңды тұлға тіркелген жерден тыс жерде көрсеткен жағдайларда бұл жөнінде уәкілетті органды 5 жұмыс күннің ішінде хабардар етуге міндетті.

Бұл бақылау субъектілерінің бақылаушы органның назарында болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар күзет қызметтерінің тізбесі «күзетілетін объектіде өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі» жаңа көрсетілетін қызметпен толықтырылады. Ол үшін лицензиясы бар қауіпсіздік ұйымдары ғана тартылуы керек. Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Магеррам Магеррамов қосымша баяндамасында депутаттардың бастамасымен қару иелері заңда белгіленген тәртіппен сынақтық ату үшін азаматтық және қызметтік атыс қаруын беруге қатысты міндеттері заңнамалық тұрғыдан бекітілетінін жеткізді. Бұл туралы ақпаратты уақытылы ұсынбаған жағдайда мұндай тұлғалар лицензиясынан айырылады. Осы ретте Қарулы Күштерде, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызметтегі қару айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аталған ведомстволардың басшыларының қызметі мемлекеттік пулегильзотека қалыптастыру жөніндегі жаңа құзыретпен толықтырылады.

Талқылау барысында «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев ІІМ министрінің орынбасары Игорь Лепехаға кейбіреулердің құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арнайы жасақтың киімін киіп алып, қару асынып, «тосын сый» жасайтын әрекеттері қаншалықты орынды деген сұрақ қойды.

«Бейтаныс біреулер арнайы форма киіп, қаруланып, дастарқан басында туған күн тойлап отырған қауымның үстінен кіріп барып, қолдарын қайырып, өтірік санкцияларды оқып, соңында оны «пранк» деп құттықтап жатады. Расында да, бұл бассыздыққа ұқсайды, қоғамда тәртіптің жоқтығын білдіреді. Бұл – қоғамдық тәртіпке айтарлықтай нұқсан келтіреді. Олар форманы қайдан алады? Ондай адамдармен жалпы тәртіп бойынша жұмыс жүргізіле ме?», – деді ол.

Бұл сұраққа Игорь Лепеха: «Қазір, өкінішке қарай, полицияның киім формасы кез келген әскери тауар сататын сауда орындарында сатылады. Басқа да арнайы киімдерді оңай табуға болады. Ал қолындағы қарулары – ойыншық. Біз заң бойынша киім формасын арам ниетін жүзеге асыру үшін жеке басының пайдасына пайдаланса ғана жауапқа тарта аламыз. Сондықтан да бұл кемшіліктердің орнын толтыру керек, заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін талқылауға әзірміз», – деп жауап берді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ЖАТ АҒЫМДАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты 21 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, Премьер-Министрге «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері атынан сауал жолдаған Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин сыртқы ықпал мәселесін қозғады. Геосаясаттағы доминант мемлекеттер өзінің жеке мүддесі мен саяси ықпалын жүргізіп қана қоймай, оны іске асыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып келе жатқанына назар аударған ол – мемлекеттердің ұлттық құндылықтарын жоюға бағытталған әсіреферминистік, ЛГБТ, эмо және басқа да субмәдениеттік қозғалыстар арнайы, жоспарлы түрде миллиондаған АҚШ долларымен қаржыландырылатынын атап өтті. Одан қалса, олар ұлтаралық пен діни алауыздықты, сепаратизм мен трайбализмді біздің саяси күн тәртібімізге енгізуге күш салды. Соңғы он жылдықта Қазақстанның ішкі саясатына ықпал ету үшін USAID-тен 150 млн доллардан астам қаражат бөлінген екен. Осындай ұйымдар демократиялық қағидаттарды желеу етіп, жалаң ұранмен «жұмсақ күш» арқылы өзінің жымысқы саясатын іске асыруда. Мысалы, Қиыр Шығыстағы, Орталық Азиядағы, Африкадағы, Еуропадағы бірқатар дамушы елдерде билікке қарсы төңкерістер ұйымдастырылғаны белгілі.

«Осыған байланысты Үкімет тез арада келесі мәселелерді қолға алуы керек. Ең алдымен Қаржы министрлігі мен тиісті мемлекеттік органдарды іске қосып, еліміздің ішкі саясатына араласуға бағытталған сырттан құйылған қаржыны анықтап, тиісті шара қабылдасын. Шетелден қаржыландырылатын ұйымдардың қызметін реттейтін қолданыстағы заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізсін. Сондай-ақ шетелдік гранттар арқылы қаржыландырылатын жобалар мен ұйымдардың қызметін бақылау және реттеу механизмдерін жетілдіру қажет», – деді ол.

Сол сияқты депутат Жанарбек Әшімжан да Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаевқа жолдаған сауалында ұлттық құндылықтарымызға жат, ЛГБТ-ны насихаттайтын ұйымдардың белсенді әрекетін айтып дабыл қақты.

«Олар TikTok сияқты өзге де платформалар арқылы өскелең ұрпақты азғындыққа үгіттеуде. Мәселен, «Феминита» дейтін ұйым, тіпті мектеп оқушыларының чатына «жыныстық қатынасқа баулитын, қалай гомосексуалист, лесбиянка болу жолдарын үйрететін іс-шараға» шақырулар таратқан. Сондықтан мұндай ұйымдардың жұмысын мұқият тексеріп, заң аясында қатаң шара қолданып, мүлдем тоқсауыл қоятын кез жетті. Бұл мәселені осыған дейін де әріптестерім Мәжіліс мінберінен бірнеше рет көтеріп, депутаттық сауал жолдаған болатын. ЛГБТ насихатына заңмен тыйым салуға да бастамашылдық еттік. Алайда бұл Үкімет тарапынан қолдау таппай келеді. Былтыр бастамашыл азаматтар ЛГБТ-ға қарсы жариялаған петицияға екі аптаның ішінде 50 мыңнан астам адамның қолдап дауыс беруі қоғамның да бұған барынша қарсы екенін білдіреді. Дегенмен қоғамның бұл орынды талабы Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан ішінара ғана қолдау тауып, зерттейміз дегенмен ғана шектелді. Енді Үкімет халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдардың қас-қабағына қарап жалтақтамай, еліміздің ішкі ісіне араласып, шаңырағымызды шайқағысы келетін мұндай қадамдарға батыл тоқсауыл қоймаса бәрі де кеш болады», – деген депутат ел Президентінің тапсырмасына сәйкес дәстүрлі моральдық құндылықтарымызды нығайту жөнінде арнайы тұжырымдама әзірлеуге, Мәдениет және ақпарат министрлігінің ЛГБТ қозғалысының кәмелеттік жасқа толмағандарға әсері туралы зерттеуін аяқтап, жариялауға, сырттан қаржыландырылатын, ұлттық салт-дәстүрімізді мансұқ ететін үкіметтік емес ұйымдарды тексеріп, олардың кәмелеттік жасқа толмаған балалармен жұмыс істеуіне тоқсауыл қоюға шақырды.

Ал депутат Ермұрат Бапи Бас прокурор Берік Асыловқа жолдаған сауалында жуырда ғана Атырауда бет-ауызын тұмшалап, қара жамылған төрт әйелдің мұз айдынында өткен спорттық жарыс кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын ұстап суретке түскен әрекетіне алаңдаушылық білдірді. Олардың қолындағы мемлекеттік Туға араб жазуы мен араби қылыштың сұлба-суреті салынған.

«Бұл – жай ғана тұрмыстық бұзақылық, әдепсіз шектен шығушылық қана емес. Бұл – біздің қоғамымызға, мемлекеттігімізге, ұлттық дәстүріміз бен бірегейлігімізге жасалған ашық және нақақ қарсылық. Мемлекеттік Туды қорлау – бүкіл халықты, тұтас мемлекетті қорлау! Сондықтан мұндай заң бұзушылық қатаң әрі мүлтіксіз жазалануы тиіс. Бірақ ескере кететін бір жайт – елдің Туын бүлдіру арқылы жат пиғылды дәріптемек болған бұл төрт қыз әлдебір арандатушы топтың құрбаны болуы мүмкін. Олар жастық алаңғасырлықпен, әлде материалдық қызығушылықпен немесе діни сауатсыздықпен жасаған бұл өрескел заңбұзушылықтың тасасында тұрған әлдебір кереғар күштер бар сияқты. Міне, әкімшілік тұрғыдағы жазасын алған төрт қыздан бұрын, осы қылмысты әрекетті ұйымдастырушылар жазаға тартылуға тиіс. Тағы бір алаңдаушылық тудыратын жағдай – осындай түр-түсі бұрмаланған Қазақстан Туы Wildberries Russ маркетплейсінде 5 000 мың теңгеден еркін және ашық саудада сатылып жатыр. Бұл не сұмдық?! Бұған кім жол беріп отыр?», – деген ол тиісті қатаң шаралар қабылдауға шақырды.

АУЫЛ МЕН АУДАНДАР БЮДЖЕТІ ӘЛІ ДЕ ОБЛЫСТАРҒА ТӘУЕЛДІ

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Аралбайұлы Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевқа ауылдар мәселесін көтеріп, депутаттық сауал жолдады. Оның айтуынша, соңғы 5 жылдың өзінде Шығыс Қазақстан облысында 350 елді мекен, Солтүстік Қазақстан облысында 635 ауыл, Павлодарда 352 ауыл, Ақтөбеде 315 ауыл, Батыс Қазақстан облысында 413 ауыл жабылған.

«Алыстағы ағайынның қазанын оттан түсірмеу үшін Қазақстанда ауыл әкімдерінің сайлауы басталғанын білеміз. 2021 жылы басталған бұл бастаманың нәтижесінде Қазақстанда 2,5 мыңнан астам ауыл әкімі сайланды. Олардың 60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте болмаған. Мемлекет басшысының бастамасымен қазір «Әкімдер мектебі» оқыту жобасы басталды. Бұрынғыдай алаулатып-жалаулатып басталған бастамалар жол ортада қалмау үшін «AMANAT» партиясы «Әкімдер мектебінде» дәріс алып жатқан әкімдердің нені үйренгенін, елді мекенді қаншалықты зерделегенін, өзі басқарып отырған ауылдың өнімін молайту үшін кооперативтік жобаны қалай әзірлегенін және ауылдық округтің экономикалық даму бағдарламасын қалай жасақтағанын қатаң қадағалайтын арнайы жоба жасап шығарды», – деді ол.

Депутат ауыл мен аудандардың бюджеті әлі де облыстарға тәуелді екенін айтып, бюджеттік қаржыландырудың «бесінші деңгейін» пилоттық режимде іске қосуды, яғни жергілікті аудан және ауыл деңгейінде бірқатар салықтық алымдарды қалдыруды ұсынып отыр. Білім, денсаулық, коммуналдық шаруашылық, құрылыс сынды маңызды салалардың қаржысы облыста шоғырланғандықтан, ауылда туындаған мәселені уақытылы шешуге кедергі келтіреді. Сондықтан аталған салаларды қаржыландыру тетігін ауданға беру мүмкіндігін қарастыру керек.

«Ауылдарда бюджет шығыстарын қадағалау құзыреті бар қоғамдық ұйымдар құру қажет. Қызметі ақысыз болуы шарт. Тиісінше ауыл әкімі бюджет шығыстарын тек жоғары тұрған басшылықпен емес, ауыл азаматтарымен де бекітуі керек. Сондай-ақ «AMANAT» партиясы фракциясы депутаттарының бастамашылығымен жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруге мүмкіндік беретін жаңа заң жобасы дайындалып Үкіметтің қорытындысына жіберілген еді. Ол жерде әкімдер мен мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейтуге арналған нормалар бар. Бірақ әлі күнге дейін Үкіметтің нақты позициясын, не ұсынысын көрмедік. Мұны мұқият назарға алу керек», – деді Нартай Аралбайұлы.

Ал депутат Бақытжан Базарбек өзінің депутаттық сауалында алаяқтыққа қарсы күресті күшейтіп, заңнаманы жетілдіре түсуді ұсынды. Бас Прокурор мен ҚҰРА төрағасына жолдаған құжатында ол соңғы 5 жылда алаяқтық әрекеттер саны 1,5 есеге өскенін, 2024 жылы интернет-алаяқтықтың 22 мыңнан астам оқиғасы тіркелгенін, одан келген шығын шамамен 45 миллиард теңгені құрағанын атап өтті. Бұл ретте онлайн-алаяқтықты анықтау көрсеткіші небәрі 36% құрайды. Бұған дейін атқарылып жатқан қарсы күрес шараларын тізбелей келе депутат ҚК-нің 190-бабында цифрлық салада белең алып бара жатқан алаяқтықтың түрлері нақтыланбағанына назар аударды.

«Бұл бапқа «алдау» және «сенімге қиянат жасау» терминдерінің нақты анықтамаларын енгізу қажет. Ақпараттық өрісте жасалған алаяқтықтың түрлерін егжей-тегжейлі айқындап, мұндай қылмыстарға анықтама беру керек. Алаяқтық үшін бас бостандығынан айыру мерзімін ұлғайту қажет, әсіресе ірі және аса ірі көлемде жасалған болса. Қылмыстық жолмен алынған мүліктерді тәркілеу секілді қосымша жаза түрін енгізу мүмкіндігін қарастыру керек. Қайталап алаяқтық жасаған тұлғаларға жазаны анағұрлым қатаңдатуды ұсынамыз. Банктерге қаржылық тәуекелдерді жүктей отырып, мобильді қосымшалардың қауіпсіздігі жөніндегі жауапкершілігін арттыру қажет. Сондай-ақ оффроуд операциялар мен күдікті транзакцияларды қадағалау күшейтілуге тиіс. «Дропперлік» жасағандарды қылмысқа қатысушы ретінде қарастырып, қылмыстық жауапкершілік бекіту қажет», – дейді ол.

БАҒДАР

ТРАНЗИТТІК МҮМКІНДІКТЕРДІ КЕҢЕЙТЕТІН БАҒЫТ

Қазақстанның транзиттік әлеуетінің мол екені жиі айтылады. Әсіресе, Қытай мен Еуропаны жалғайтын құрлық жолында орналасуымыз көп мүмкіндікке жол ашып берді. Бұл ретте Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасы Қазақстанның соңғы жылдары ерекше назар аударып отырған бағыты болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген Словения Президенті Наташа Пирц-Мусармен кездесуде де осы көлік дәлізінің маңызын еске салып, көлік-логистика саласындағы байланыс аясын кеңейтуге көңіл аударған-ды.

Президенттің баспасөз қызметі таратқан ресми ақпараттардың ішінде «Кездесуде екі ел басшылары көлік-логистика саласындағы байланыс аясын кеңейту мәселесін талқылады. Атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасына Словенияның «Лука Копер» теңіз портын қатыстыру жөнінде ортақ пікірге келді. Өзара алыс-берістің көлемін арттыру үшін президенттер құзырлы органдарға нақты шаралар қабылдау туралы тапсырма берді», – делінген. Яғни, Қазақстан кейде «Орта дәліз» деп аталып жүрген Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің жетіле түсуіне мүдделі деген сөз. Бұл отандық өнім экспорты мен тауар транзитінің көпвекторлы бағытын дамытуға да айрықша септігін тигізеді.

Сейсенбі күні Астанада өткен Қазақстан – Словения бизнес форумында Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағыттың маңызына тағы да тоқталды. «Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде, Орталық Азия аймағында және Қытайда тұратын 1,5 млрд-тан астам тұтынушыға тікелей шығу мүмкіндігін ұсына алады. Еліміздің аумағы арқылы өтетін жүк тасымалының көлемі былтыр рекордтық көрсеткішке, яғни 514 тонна-шақырымға жетті. Қазір Қазақстан Еуропа мен Қытай арасындағы құрлықтық алыс-берістің 90 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Біз Орта дәліз және Солтүстік – Оңтүстік секілді халықаралық күре жолдарды белсенді түрде дамытуды қолға алдық. Ақтау және Құрық порттары Каспий теңізіндегі жүк тасымалында маңызды рөл атқарады. Аталған теңіз айлақтарынан жөнелтілетін жүк көлемі былтыр 4,5 млн тоннаға жетті (2023 жылғы 2,5 млн тоннамен салыстырғанда 62 пайыз өсім). Бұл – рекордтық нәтиже. Осы орайда көлік байланысын күшейтіп, сауда-саттықты жандандыру үшін Словенияның ең ірі Копер портымен тәжірибе алмасуды және серіктестікті тереңдетуді көздейміз», – деді Мемлекет басшысы. Осылайша, Президент «Орта дәліз» жобасында Қазақстан шешуші рөл атқаратынына назар аударды.

Жалпы, Мемлекет басшысы атап өткен «Лука Копер» порты Адрия теңізіндегі маңызды логистикалық хабтың бірі саналады. Жылдан-жылға оның транспорттық әлеуеті артып келеді. Мысалы, былтыр 23 миллион тонна тауар тасымалдап, 327 миллион доллар таза пайда тапқан. Портта 12 терминал бар. Порттың контейнер терминалы былтыр 1 млн 133 мың 340 контейнер (TEU) өткізіпті. Ал қазақстандық Ақтаудан Әзербайжанның Алаят портына 2025 жылы шамамен 88 мың контейнер өтеуі мүмкін деген болжам бар. Әрі бұл мөлшер жыл санап өсе берері сөзсіз. Демек, контейнер тасымалының өзінде Словения порты қуатты әріптес бола алады деген сөз.

Одан бөлек, словениялық порттың мұнай тасымалындағы рөлі де аз емес. Ал Қазақстан мұнайының басым бөлігі Каспий құбыр желісі консорциумына (КТК) тиесілі және аталған бағыттағы қауіпқатер сақталып тұр. Сондықтан мұнай тасымалында да Транскаспий халықаралық көлік дәлізі қуатты балама бағыттардың біріне айналуы керек. Айталық, былтыр Ақтау порты танкерлерге тек қаңтар мен қараша аралығында 4 млн тоннадан астам мұнай құйыпты. Ал мүмкіндігі 7,5 млн тонна екен. Егер жаңа танкерлер алсақ, жағалауды тереңдетіп, жылжымалы айлақ салсақ, Әзербайжанмен келісіп, олардың құбырларын пайдаланудағы лимитті ұлғайта алсақ, жылына 20 млн тонна мұнайды Транскаспий дәлізі арқылы шетелге шығаратын мүмкіндігіміз бар екен. Бұл дегеніңіз еліміз өндіретін мұнайдың төрттен біріне жуықтайтын еді. 2025 жылы 96 млн тонна мұнай өндіруді жоспарлаған Қазақстан үшін мұнай тасымалында балама бағыттардың молайғаны өте өзекті.

Ал «Орта дәліз» жобасына қатысатын көптеген мемлекет Қазақстан ұстанымына ерекше назар аударады. Еуразия құрлығындағы маңызды логистикалық хабқа айнала бастаған Қазақстан жобаға қатысушы өзге мемлекеттердің де табысқа кенелуіне жол ашып отыр. Әзербайжандық саясаттанушы Ризван Гусейнов Астанада Қазақстан мен Словения президенттері талқылаған мәселе бакулік сарапшылар назарынан тыс қалмағанын айтады.

Ризван ГУСЕЙНОВ,
саясаттанушы (Әзербайжан):

– Қазақстан Президенті мен Словения Президентінің «Орта дәліз» мәселесін сөз етуі жоба философиясына әбден лайық диалог деп білемін. «Лука-Копер» портын жобаға қатыстыру бауырлас Қазақстан мен Әзербайжан байланыстарына, экономикасына, соның ішінде тауар экспортына, мұнай, газ тәрізді өнімдердің транзитіне үлкен олжа салатын қадам. Білесіздер, Әзербайжан Словениямен тығыз байланыс орнатқан. Жалпы алғанда, біздің ел Балқан түбегі елдерінің барлығына газ экспорттайды. Әрі осы бағыттағы жаңа жобалардың барлығына қызығады. «Орта дәліздің» негізгі бағыты саналатын желі Қазақстаннан Каспий теңізі арқылы Әзербайжанға, одан Түркияға, әрмен қарай Балқан елдеріне өтуі керек. Сондықтан бұл жоба өте маңызды.

Әлбетте, «Орта дәлізді» жетілдіру үшін Зенгазурдағы Армения аумағындағы бағыттардың ашылғанын күтеміз. Дегенмен энергия, мұнай, табиғи газ транзитінде дәліздің бір тармағы біраздан бері жұмыс істеп тұр. Қазақстан мұнайы, өзге өнімдері дәліз арқылы «Лука-Копер» портына жеткізілсе, сөзсіз бауырлас Әзербайжан елі де қуанады. Біз тұтас «Орта дәліз» жобасының жетіле түскеніне, Қазақстан өнімдерінің Еуропа нарығына көптеп жеткізілуіне мүдделіміз».

Түйін:

Қазақстан төңіректегі жұрттың барлығын тең көріп, бейтарап саясат ұстану арқылы Еуразия кеңістігінде өзіне де, өзгеге де олжа салатын елге айналып келеді. Мемлекет басшысының Транскаспий көлік дәлізі қатарлы жобаларды дамытуға барын салуы айналадағы елдердің де дамуына ықпал етері сөзсіз. Сондықтан Астанаға ат басын тіреген шетелдік лауазымды тұлғалардың сапарын айналадағы жұрт ұдайы бақылайды. Өйткені біз көршісі аш кезде өзі тоқ отыруды құп көрмейтін жұртпыз.

Амангелді ҚҰРМЕТ

EQYZMET ЖҮЙЕСІНІҢ ИГІЛІГІ ЗОР

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Вашингтонда өткен Американдық мемлекеттік басқару қауымдастығының (ASPA) мемлекеттік қызметшілерді тұрақтандыру және жасанды интеллект дәуірінде адами капиталды дамыту тақырыбындағы конференциясына қатысты.

Панельдік сессияда сөз сөйлеген Дархан Жазықбай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту бойынша алға қойған міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылған ауқымды өзгерістерге және бастамаларға тоқталды. Ол мемлекеттік қызметті бюрократиядан арылту, персоналды басқаруда заманауи HR құралдарын енгізу және мемлекеттік аппараттың сервистік моделін қалыптастыру бағытындағы шараларды атап өтті. Сондай-ақ жаңа басқарушылық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды жобалар – Президенттік жастар және өңірлік кадр резервтерін құру тәжірибесімен бөлісті.

Агенттік төрағасы заман талаптарына сай мемлекеттік аппараттағы адам ресурстарын басқарудың барлық процесі және мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу отандық eQyzmet жүйесінде толығымен автоматтандырылғанына назар аударды. Алдағы уақытта жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану зерделеніп жатқаны атап өтілді.

Қолданыстағы жүйені институционалды түрде қайта қарауды көздейтін ҚР Мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілгені айтылды. Тұжырымдама аясында мемлекеттік қызметтің гибридті моделі енгізіліп, қызметшілердің көлденең мансаптық өсуіне және еңбекақы деңгейін арттыруға мүмкіндік жасалады. Жастарды мемлекеттік қызметке тарту және даярлау үшін ерте кәсіптік бағдарлау институтын құру жоспарлануда.

Алты бағыт пен 150 сессияны қамтыған конференцияда басты назар технологиялық өзгерістер мен жаңа цифрлық құралдардың үздіксіз дамуы жағдайында «қоғамға қызмет ету» тәсілдерін қайта қарастыру, жасанды интеллектіні тиімді пайдалану, оны бақылау және қоғам игілігіне жарату, сондай-ақ осы салалардағы ынтымақтастықты күшейту мәселелеріне аударылды.

АУТИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күніне орай «Асыл мирас» аутизм орталығында дөңгелек үстел өтті.

Басқосуға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, мәслихат депутаты Алина Дубинина, Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Республикалық әйелдер кеңесі өңірлік филиалының төрайымы, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Баян Жандосова, оңалту орталықтарының басшылары мен Білім басқармасының мамандары қатысты.

Жиынның негізгі мақсаты – аутизм спектрі бұзылысы бар адамдардың мәселелері мен қажеттіліктері туралы қоғамның хабардарлығын арттыру, диагностика, түзету және әлеуметтік бейімдеуді тиімді әдістерін талқылау, сондай-ақ аутизмі бар балалар мен олардың отбасыларын қолдаудағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу болды.

Жиын барысында Ербол Байқонысов өз сөзінде аутизм мәселесі қоғам үшін маңызды тақырып екенін атап өтті. Ол аутизм спектрі бұзылыстары бар адамдардың қоғамда тең құқықтық жағдайларда өмір сүруі үшін бірлесіп жұмыс істеудің маңыздылығын айтты.

«Біздің басты міндетіміз – аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларға және олардың отбасыларына барынша көмек көрсету. Бұл мәселеде тек мемлекеттік органдар ғана емес, қоғамның әрбір мүшесі белсенді болуы қажет. Біз «AMANAT» партиясы арқылы осы мәселені күн тәртібіне қойып, халықты ақпараттандыруды және қолдау шараларын күшейтуді мақсат етіп отырмыз. Бізге барлығы бірлесе отырып, аутизммен күресудің тиімді жолдарын табу қажет. Сондықтан бүгінгі дөңгелек үстелдің нәтижесі барлық тарап үшін маңызды болады», – деп атап өтті Ербол Байқонысов.

Шара барысында қатысушылар аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларды әлеуметтік бейімдеуде қолданылатын заманауи әдістер мен оларды түзету жолдарын талқылады. Оңалту орталықтары мен Білім басқармасының мамандары өз тәжірибелерімен бөлісіп, аутизммен күресу барысында кездесетін қиындықтар мен шешу жолдары туралы сөз қозғады. Сонымен қатар аутизм мәселесі бойынша қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің тиімділігі де талқыланды.

Дөңгелек үстел барысында Баян Жандосова қоғамның аутизм мәселелеріне деген жауапкершілігін арттырудың маңыздылығын атап өтті. Ол өз сөзінде:

«Аутизммен ауыратын балалар медициналық көмекке ғана мұқтаж емес. Оларға әлеуметтік қолдау, білім беру және психологиялық қолдау көрсету де маңызды. Осы бағытта қоғамдық ұйымдардың рөлі ерекше. Біз бар күшімізді біріктіріп, әрбір балаға қажетті көмек көрсету үшін бірге жұмыс істеуіміз керек», – деп қорытындылады.

Жиын соңында қатысушылар аутизммен ауыратын балалар мен олардың отбасыларын қолдау шараларын күшейту және қоғамдық пікірді қалыптастыру бойынша нақты ұсыныстар әзірледі.

Елнар ЕЛТАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Осы орайда «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы облыстық Жұмысшы әйелдер форумын ұйымдастырды.

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Оған әр салада еңбек етіп жүрген жұмысшы әйелдер қауымы қатысты. Мұндағы мақсат – тұрғындар арасында еңбек адамының беделін биіктету, соның ішінде ер-азаматтармен қатар жүйелі жұмыс істеп жүрген әйелдердің қалтқысыз қызметін ұлықтау.

Іс-шараға қатысушылар өз еңбек жолы, мамандық таңдауы, отбасының қолдауы, өмірде кездескен қиындықтары, кәсіп игеру қадамдары туралы айтты. Сондай-ақ форум жұмысы аясында өңірдің экономика, ауыл шаруашылығы және өндіріс салаларының дамуына үлес қосып, тұрғындарды жұмыспен қамтып келе жатқан мекеме басшыларының еңбегі ескерілді.

«Сіздер тұрақты жұмыс орындарын құрып, өңір дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Осы орайда Өздеріңізге әр қызметкерге жіті көңіл бөліп, қамқорлық жасап жатқандарыңыз үшін айрықша алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да тығыз жұмыс істеп, байланысымызды нығайта түсеміз деген сенімдемін», – деді «AMANAT» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев.

Сөз соңында ол жұмысшы мамандықтарды игеріп, еселі еңбек етіп жүрген әйелдер қауымына алғысхат табыстады. Сонымен қатар тұрғындарды жұмыспен қамтып, өңірдің экономикалық, аграрлық жағдайын жақсарту ісіне үлес қосып отырған әйел басшылар да дәл осындай марапатқа ие болды.

МӘСЕЛЕ

3 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЭНЕРГИЯ мен ЭКОЛОГИЯ: ҚҰСТАРДЫ ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Электр желілерінің қыран-құстардың жаппай ұя салатын жерлерінен өтетін тұстарындағы қырылу ауқымы мамандардың төбе шашын тік тұрғызды: желілердің әрбір 10 шақырымында орта есеппен 108,4 сирек құс өлгені анықталды. Бұл – табылған мүрделер ғана. Жыртқыштар сүйретіп алып кетіп, жеп қойғаны қаншама?!

Мұндай қайғылы көрініс ұлы даланың барлық жерінде орныққан көрінеді. Орталық Қазақстандағы Қорғалжын мемлекеттік қорығында және оның айналасында мамандар әуелік электр беру желілерінің (ӘЭБЖ) құстарға әсерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізді. Оның да қорытындысы жан шошырлық: 34 түрлі 409 құстың өлексесі анықталды. Қиналып өлген, тірідей жанып кеткен құстардың үлкен бөлігін, 44%-ын тағы да ірі жыртқыш құстар құрады. Соның ішінде қарақұстар, бүркіттер, дала бүркіттері де болған.

Жайық-Ембі өзендері аралығынан өтетін ӘЭБЖ-нің 87 шақырымында бірден 7 дала бүркітінің (Aquila nipalensis), 1 жыланжегіш қыранның (Circaetus gallicus) өлгені анықталды. Бұдан бұрын Атырау облысының аумағындағы 410 шақырымдық ӘЭБЖ бойын тексерушілер 18 түрге жататын 136 құстың өлексесіне кезіккен. Оның арасында 63 дала бүркіті, 1 қарақұс, 1 бүркіт, 1 аққұйрық субүркіт болған.

Жаға ұстайтын жағдай жиілемесе, тыйылар емес. Орталық Қазақстан аумағында әуелік электр беріліс желілерінің әртүрлі құсқа әсерін зерттеу кезінде 68 учаскеде 35 түрге жататын 1 113 құс өлексесі тіркеуге алыныпты. Ол жерде кем дегенде 36 дала бүркіті, 4 қарақұс, 1 бүркіт, 2 жыланжегіш қыран ажал құшқан. Сондай-ақ тағы ертеректе мерт болған 273 ірі бүркіттің сүйек-қауырсындарының қалдықтары жатқан.

Маңғыстау облысында жалпы ұзындығы 1 355,7 шақырымдық ӘЭБЖ-нің 18 учаскесінде 12 түрге жататын 129 құстың қалдықтары табылды. Онда бүркіттер барлық өлген құстың 62,79%-ына жетті.

> **Құстарды әуелік электр желілерінде электр тоғының соғуынан болатын қысқа тұйықталулар оларды істен шығарып, электрмен жабдықтаудағы үзілістерге соқтыруы мүмкін. Тіпті, электрмен жабдықтаудағы кішігірім үзілістердің өзі қыруар шығын әкеледі.**

– 2024 жылдың қазан айында Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының мамандары электр беру желілеріне орнитологиялық тексеру жүргізді. БҚО-да электр желісінің 329 шақырымы қаралды. Соның 248 шақырымы қауіпті болып шықты. Ақтөбе облысында мамандар 425 шақырым желіні тексеріп, оның 218 шақырымы құстарға қатер төндіретіні туралы тоқтамға келді. Көп құс тоқ соғып өлген. Құс қалдықтарын жердегі жыртқыштардың жеп қоюы мен былтырғы су тасқыны табылған өлекселер санын күрт азайтты, есептің дәлдігіне әсер етті. Жекелеген учаскеде құстардың өлім-жітімі 10 шақырым желіге 44 құстан келді, – деді Экология министрлігінің өкілдері.

ҚҰС ЖОҒАЛСА НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Қазақстан бертінде, 2020 жылғы 5 маусымнан бастап биоәралуандылықты сақтауға арналған мерекені – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін атап өте бастады. Осыған орай үндеу жасаған Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстанда жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің ондаған түрі жойылып кету қаупінің алдында тұр. Табиғатты қорғау – мемлекеттік маңызы зор іс!», – деп қадап айтты. Сондай-ақ Қазақстан Президенті «X» (Twitter) парақшасы арқылы әлемге қайырылып, планетаны қоршаған ортаның ластануынан құтқару үшін адамзаттың бірігуі керегін мәлімдеді.

«Өзіңнен баста!» деген сөз бар, бұл істе Қазақстан әлемге үлгі болғаны жөн. Осы орайда Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Кейбір заңнамалық актілерге аңшылық саласы және жануарлар дүниесін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын әзірледі.

Оның басты бір жаңалығы – құс қорғау құрылғыларымен жабдықталмаған, қуаты 6-10 киловольттық әуе электр желілерін жобалауға, салуға және пайдалануға тыйым салынбақ. Парламент құптаса, келесі жылдан бастап құсқа қауіпті желілерді қолданысқа енгізуге рұқсат етілмейді. Ал қолданыстағы желілерді тиісті жабдықтау үшін 10 жылдық өтпелі кезең беріледі. Қазіргі Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарында құстарға қатер төндіретін электр желілерінің пайдаланылуына да, іске қосылуына да еш кедергі қойылмаған.

– Қазақстанда қуаты 6-10 кВ болатын әуелік электр беру желілерінің жалпы ұзындығы – шамамен 80 мың шақырым. Жалпы, әртүрлі бағалау бойынша әуелік электр желілерінің барлық апатының шамамен төрттен бірі құстар кесірінен болады. Жаңа заң жобасының талаптары жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бағытталған. Сондай-ақ ол электр қуатын беру саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, – деді Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Әбдірахманов.

Оның айтуынша құстарды әуелік электр желілерінде электр тоғының соғуынан болатын қысқа тұйықталулар оларды істен шығарып, электрмен жабдықтаудағы үзілістерге соқтыруы мүмкін. Тіпті, электрмен жабдықтаудағы кішігірім үзілістердің өзі қыруар шығын әкеледі.

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жаңа талаптың пайдалы тұсы көп екеніне екпін түсірді. Ол жоғарыда айтылғандай, біріншіден, құстарға төнетін қауіптің алдын алып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, табиғатты қорғауға, биоәралуандылықты сақтауға және адамның зиянды қызметінен туындайтын экологиялық тәуекелдерді төмендетуге септеседі.

Екіншіден, сол арқылы Қазақстан өркениетті ел екенін паш етіп, әлемдегі беделін нығайтады. Ұшқындаған, гуілдеген электр бағаналары мен мұнаралардың құстарды қырып жатқанына куә болмай, керісінше, олардың аспандағы тіршілік атаулыға барынша қауіпсіз етілгенін көрсе, шетелдік туристер мен меймандардың сүйсінері сөзсіз. Өйткені комитеттің дерегінше, Қазақстанда 6-10 киловольттық әуелік электр беру желілерінде жыл сайын ондаған мың құс өледі. Оның арасында «Қызыл кітапқа» енген, сиреп қалған немесе мүлдем жойылу алдында тұрған дала бүркіті, бүркіт, ақиық, қарақұс, жыланжегіш қыран, аққұйрық субүркіт, кезқұйрық субүркіт, бақалтақ қыран, ителгі, бидайық, лашын, сұңқар, тарғақ, балықшы тұйғын, үкі және басқалары электр бағаналары мен сымдарына жанасып, қырылып жатыр.

ҚҰСТЫ ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ КЕРЕК

Комитет заң жобасы қабылданса, біраз оңды өзгеріс болады деп тұспалдады. Мысалы, бұл талаптар толыққанды орындалса, 6-10 кВ қуатындағы желілерде құстардың өлім-жітімі 80%-ға дейін азаяды деген индикатор белгіленген.

Бұған қоса, қуат желілеріндегі құстардың кесірінен болатын апаттар, ағытылулар азаюға тиіс. Комитет мамандары бұл реттеуші құралды енгізу шығыны сонша қомақты емесіне және ақырғы тиімділік тұрғысынан ақылға қонымды екеніне сенімді. Алдын ала есептеу бойынша қуаттылығы 6-10 кВ желілердің әрбір 100 шақырымын, аралық, анкерлік тіректерін құс қорғау құрылғыларымен жарақтандыруға 15 млн 174,4 мың теңге ғана қажет болады.

– Бұл сонша қымбат, жоғары технологиялы жабдықтар емес. Есесіне құстардан болатын апаттар, қысқа тұйықталулар санының қысқаруы қуат жеткізудің сенімділігін арттырады, жолай жоғалатын энергияны кемітеді. Желілерді жөндеу, қалпына келтіру шығындарын азайтады. Ұзақмерзімді перспективада бұл шаралар салмақты қаржы үнемдеуге септігін тигізеді. Сондай-ақ қорғаныш құралдарын орнату табиғи монополистердің «қызылкітаптық» құстардың өлуіне байланысты салынатын айыппұлдан құтылуына көмектеседі. Себебі «Қызыл кітаптағы» 1 құстың өлгені үшін айыппұл сомасы 20 АЕК-тен (78 640 теңгеден) жоғары болуы мүмкін, – деді комитет өкілдері.

Ал олардың бір-бірлеп емес, мыңдап қырылып жатқаны жоғарыда айтылды. Демек, құстан қорғаушы жабдықтар орнатуға кеткен бастапқы шығындар еселеп өтеледі. Компанияның қаржылық көрсеткіштерін жақсартады, жұмысының тұрақтылығы артады.

Ведомство жаңа заң жобасы аясында жаңа тұрпатты реттеу тетігін енгізудің жоспарланғаны туралы әуелік электр желілерін пайдаланушы компаниялар құлағдар етілгенін хабарлады. Инженер-энергетик Игорь Радионов құстардың 6-10 киловольттық кернеудегі электр беру желілерінде жиі өлетінін жеткізді.

– Одан жоғары кернеудегі әуелік желілер әдетте құстар үшін толық қауіпсіз деуге болмас, бірақ біршама қауіпсіздеу. Себебі онда жерге тұйықтау элементтері мен сымдар арасындағы алшақтық үлкен. Құстар көбіне 6-10 киловольттық кернеудегі әуе желілерінің темірбетон тіректерінде өледі. Темірбетон тіректің төбесінде көлденең металл белтемір – траверса жатыр, онысы тіректің ішіндегі арматураға дәнекерленеді немесе болтпен бекітіледі. Траверсаның оқшаулағышы оқшауланбаған сымдарды біріктіріп ұстап тұрады. Қонған құс абайсызда осы траверсаға немесе сымға жанасады да, оны тоқ соғып, арам қатады, – деді энергетик.

Кейде өлген құс жерге топ етіп құламай, бағанадағы сым мен траверса арасында кептеліп қалады, онда оның өлексесі тоқ өткізіп, тұрақты тұйықталуға соқтырады, салдарынан желі ағытылып қалады. Сондықтан құстарды да қинамау, адамдарды да қуаттан ажыратпау үшін Үкімет пен Парламент жаңа талапқа жолдама беретін заң жобасына ақ батасын берсе, құба-құп.

НЕСИЕ «ҚАРЫЗ ҚАМЫТЫ» МА, ҚАРЖЫ ҚҰРАЛЫ МА?

Бүгінде несие экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Ұлттық статистика бюросының мәлімдеуінше, биыл 1 наурыздағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктердегі тұтынушылық несие портфелі 14,1 трлн теңгені құраған. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31,7%-ға көп. Осы тұста сарапшылар қауымдастығының пікірі екіге жарылды. Бірі мұндай құбылысты шектен тыс қарызға бату деп бағаласа, енді бірі несиелік ресурстар арқылы қаржыландырудың өсуі нарықтық экономика үшін маңызды және қажетті деп санайды.

Кәмила ДҮЙСЕН

Тұтынушылық несиелер көлемінің өсуіне қарамастан, бұл үрдіс халықтың қарыз жүктемесіне теріс әсер етпейді. Ranking сараптама орталығының мамандары осындай қорытындымен бөлісті. Олар мұның себебін несие көлемі ұлғайғанымен, халықтың табыс деңгейі де артып келе жатқанымен түсіндіреді.

«Сонымен қатар елдегі несие нарығы жетілдірілуде, барлық мүмкін тәуекелдер ескерілуде. Мысалы, Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2024 жылдың 4-тоқсанында қазақстандықтардың несие мен қарыз төлемдеріне жұмсаған шығындарының үлесі 6,2%-ды құрады. 2009 жылы бұл көрсеткіш 4,6% болған. Яғни, 15 жыл ішінде қарыз төлемдерінің үлесі небәрі 1,5 пайыздық пунктке ғана өскен. Бұл Қазақстандағы қарыз жүктемесі деңгейінің төмен екенін және динамиканың барынша қалыпты екенін көрсетеді», – дейді мамандар.

Мысалы, 2024 жылдың төртінші тоқсанында Қазақстанда орташа айлық атаулы жалақы 435 мың теңгені құраған. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 10,5%-ға артық. Дегенмен бір жыл ішінде елдегі нақты жалақы небәрі 1,8%-ға өскенін көреміз. Ал көптеген экономист елдің әлеуметтік жағдайын бағалау үшін аса маңызды деп сана еңбекақының медианалық мәні 308 мың теңгеден сәл ғана көп. Әйтсе де, бұл көрсеткіш 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16%-ға артық.

Айта кетейік: жоғарыда келтірілген статистика несиелерді ғана емес, өзге де міндеттемелерді, мысалы, жеке қарыздарды да қамтиды. Демек, сарапшылардың пікірінше, тек несиелерді қарастыратын болса, оның отбасы шығындарындағы үлесі тіпті төменірек болуы ғажап емес.

Қазір азаматтардың барлық шығысының жартысы азық-түлікке жұмсалады. Экономистер үшін, міне, осы жайт – алаңдататын көрсеткіш. Халықтың азық-түлікке көп қаражат жұмсауы олардың өзге қажеттіліктерін шектеуге негіз болмақ, сәйкесінше, ол елдің тұрмыс деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар соңғы 15 жыл ішінде халықтың азық-түлікке жұмсайтын шығыны 8,2 пайыздық пунктке артқан.

«Қазақстандықтардың әл-ауқаты үшін алаңдайтындар дәл осы мәселеге назар аударғаны дұрыс болар еді. Мемлекеттік несие бюросының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елде 9 млн-ға жуық қарыз алушы тіркелген. Бірақ бұл санның өзі ештеңе білдірмейді, мәселе басқада. Егер қарыз алушыларды несие сомалары бойынша қарастырсақ, қызықты тенденция байқалады. Қазір 9 миллион қарыз алушының қаржы ұйымдарында барлығы 24,3 трлн теңге көлемінде несие қарызы бар. Оның 92,8%-ы 1 миллион теңгеден жоғары сомаларға берілген, бірақ бұл сомадағы несиелерді қарыз алушылардың тек 46,7%-ы алған. Ал 2 миллион теңгеден асатын несиелер жалпы қарыздың 84%-ын құрайды, бірақ оларды тек 30% қарыз алушы ғана алады. 5 миллион теңгеден жоғары несиелерді 15% қарыз алушы рәсімдеген, бірақ бұл несиелердің жалпы сомасы барлық қарыздың 66%-ын құрайды. Бұл ірі несиелердің негізінен қаржылық тұрғыдан тұрақты, табысы жоғары адамдарға берілетінін көрсетеді. Мұндай қарыздарды барлық банк мақұлдамайды және олар кез келген адамға қолжетімді емес», – дейді Ranking сарапшылары.

Сондай-ақ ресми деректерге сүйенсек, елдегі орташа қарыз мөлшері 50 мыңнан 730 мың теңге аралығында сақталған. Мамандар бұл халықтың көп бөлігінің шағын сомадағы қарыздары бар екенін білдіреді деген пікірде.

«Яғни, мұндай несиелер көбіне бір-екі айлық жалақы көлемінде төленеді және депозиттердегі қаражатты сақтап қалу немесе уақытша қажеттіліктерді жабу үшін алынады. Демек, Қазақстанда халықтың басым бөлігі несиеге қатты тәуелді емес. Қазақстандағы қарыз алушылардың басым бөлігі шағын несиелерге ие. Негізгі қарыз сомасы тұрақты табысы жоғары қарыз алушыларға тиесілі, олар үшін несие – инвестиция мен жаңа мүмкіндіктердің құралы. Бұл қатарға ипотекалық несиелер де кіреді, өйткені олар жалдамалы баспанаға төлем жасаумен салыстырғанда тиімдірек. Мұндай несиелер тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесіп, халықтың өмір сүру деңгейіне және елдегі әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсер етеді. Жалпы, Қазақстан халқының қарыз жүктемесі төмен, және ол елдің қаржылық тұрақтылығына қауіп төндірмейді», – деп түйіндейді мамандар.

Жалпы, несие нарығының динамикасы тұрақтылық пен сақтықтың белгісін көрсетеді. Бөлшек несиелеу ақпан айында өсу қарқынын біршама жеделдеткенімен, оның көлемі салыстырмалы түрде қалыпты деңгейде қалды. Қаржыгер Андрей Чеботаревтің пікірінше, бұл тұтынушылық белсенділіктің маркетингтік акциялармен ынталандырылғанына қарамастан, халықтың қарыздық жүктемесін арттыруға асықпайтынын байқатады. «Ақпан айында бөлшек несие портфелі өсім қарқынын жеделдете отырып, 1,6%-ға ұлғайды және 21,1 трлн теңгеге жетті. Маркетингтік акциялардың ықпалымен тұтынушылық белсенділік артқанымен, жалпы өсім салыстырмалы түрде қалыпты деңгейде сақталды. Әсіресе, тұтынушылық кредиттердің кеңею қарқыны 1,8%-ды құрап, нарықтың тұрақты, бірақ ұстамды динамикасын көрсетті. Сондай-ақ корпоративтік сектордың несие портфелі айтарлықтай өзгеріссіз қалып, небәрі 0,1%-ға ғана өскен. Бұл негізінен шетел валютасындағы несиелеу көлемінің 3,7%-ға (151 млрд теңгеге) қысқаруымен байланысты. Дегенмен теңгелік несиелердің 173,2 млрд теңгеге ұлғаюы оң динамиканы сақтап, 1,6%-дық өсім көрсетті», – дейді қаржыгер.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Маман мұндай үрдісті тұтынушылардың несиеге деген қызығушылығының төмендеуі, нарықтың біртіндеп қанығуы және қаржы реттеушісінің тұтынушылық несиелеудің шамадан тыс өсуін тежеуге бағытталған шараларының нәтижесі деп түсіндіреді. Аталмыш жағдай несие нарығының кезеңкезеңімен тұрақтанып келе жатқанына дәлел. Демек, алдағы айларда бұл тенденция сақталса, экономиканың несиеге тәуелділігі біртіндеп теңгерімді деңгейге ауысуы мүмкін.

QR-КОД БАЛА ҚОРҒАНЫНА АЙНАЛА МА?

Балалар арасындағы әлімжеттік пен буллинг – бүгінгі күннің басты мәселесі. Былтыр кәмелетке толмағандар арасында 500-ден астам зорлық-зомбылық жасалған. Білім беру мекемелеріндегі аталмыш мәселенің санын азайту мақсатында түрлі жобалар да жүзеге асырылуда. Солардың бірі – оқушылардың шағымын қабылдап, психологиялық кеңес көрсететін мектептегі QR-кодтар. Жалпы, QR-кодтарды қадағалайтындар бар ма? Тиімділігі расталды ма?

Көктем ҚАРҚЫН

ДЕРЕКТЕР ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ САҚТАЛАДЫ

Әрбір бала мектепте өзін қауіпсіз сезініп, білім алуға барынша мүмкіндік алуға тиіс. Алайда көп оқушы күн сайын буллинг пен зорлық-зомбылыққа тап болуда. Бұл мәселені назардан тыс қалдыру – оның ұзақмерзімді салдарына көз жұму деген сөз. Осыған орай 2025 жылдың қаңтар айынан бастап мектептер мен колледждерде Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесіп «111» байланыс орталығына қолжетімділікті арттыру үшін арнайы QR-кодтар енгізілді. Бұл орталық отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық көмек көрсетеді. Енді «111» нөміріне қоңырау шалу мүмкіндігінен басқа, балалар мен олардың ата-аналары QR-кодтар арқылы сұрау жібере алады. Олар барлық білім беру ұйымдарында, балалар үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ автобус аялдамаларында орналасқан.

– QR-код арқылы жолданған барлық өтініштер мемлекеттік «111» бірыңғай байланыс орталығына түседі. Бұл орталық балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған және тиісті органдармен (полиция, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар) бірлесе жұмыс істейді. 2025 жылдың басынан бері «111» байланыс орталығына 40 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Оның ішінде 339 өтініш телефон арқылы қабылданса, қалғаны білім беру ұйымдарындағы QR-кодтар арқылы жолданған. Көп жағдайда балаларға анықтамалық мәліметтер беріліп, психологиялық қолдау көрсетілген. Күрделі жағдайларда тиісті органдардың қатысуымен ведомствоаралық көмек ұйымдастырылған, – дейді Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Оның айтуынша, «111» байланыс орталығы өтініш білдірушілердің жеке деректерінің құпиялылығын және анонимділігін толықтай қамтамасыз етеді. Қажеттілігіне қарай өтініштер құқық қорғау органдарына немесе басқа да мемлекеттік мекемелерге берілуі мүмкін. QR-код қай мектептен жолданғанын анықтауға мүмкіндік береді, бірақ бұл деректердің құпиялылығы сақталады. Осылайша, оқушылар өз мәселесін ашық айта алады.

Бұл жоба Балалар жылы аясында 2022 жылы қолға алынды. Осылайша, былтыр Астана мен Алматының бірнеше мектебінде QR-тақтайшалар орнатылып, өз нәтижесін көрсетті. Қазір республика бойынша барлық білім беру мекемелерінде орнатылып жатыр. Бұл QR-құрал арқылы қоңырау шалу міндетті емес, хабарлама жазса да жетіп жатыр.

– Қазір балалар бұл құралды өте белсенді пайдаланып жүр. Олар үшін өз қиындығын қоңырау шалып айтқаннан хабарлама арқылы жеткізу оңай болып шықты. Бұрын жыл сайын 1000-ға жуық қоңырау түссе, қазір күн сайын 600 SMS келеді. Басында тіпті күніне 1000 хабарлама келетін. Бір айда 11 мыңға жуық SMS-хабарлама келсе, буллинг, зорлық-зомбылық, суицидтік, психикалық-эмоциялық жағдай санаты бойынша ғана 400 жағдайда көмек көрсету керектігі расталды. Хабарламалар арқылы келетін шағымдардың санаты өте көп. Денсаулық сақтау мәселесі бойынша да, сабаққа көмек сұрап та хабарласып жатады. Мұның бәрі орталыққа деген сенім деңгейін көрсетеді, – дейді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева.

Оның пікірінше, күн сайын елімізде кәмелетке толмағандар арасында шамамен 5 қылмыс анықталып отырады. Балалар арасында қылмыстардың жасалуы себебіне тоқталсақ, олар негізінен буллингке, ұрлық, сондай-ақ экономикалық сипаттағы әрекеттерге қатысты. Өздері зорлық-зомбылық көрген және осындай оқиғалардың куәгері болған жеткіншектер де кейіннен заңсыз әрекеттерге барып жатады.

БАЛА ВИРТУАЛ КЕҢІСТІКТЕ ӨЗІН ЫҢҒАЙЛЫ СЕЗІНЕДІ

Кез келген мектептің жеке парақшаларына жалған аккаунт арқылы мұғалімдері туралы шағым жазатын оқушылар көп. Балалардың мұндай қадамға баруына да себеп жоқ емес. Олар мектептегі әділетсіздікті не ата-анасына, не жоғарыдағы басшылыққа жеткізе алмағандықтан агрессиясын осылай көрсетеді. QR-кодтқа хабарласып, кеңес сұрайтын оқушылардың да басым бөлігі ішкі толғанысы мен мәселесін жеткізеді.

– Жаһандану дәуірінде психологиялық кеңес беруде өзгерістерге бет бұруы түсінікті. Онлайн форматтағы кеңес беруде психологтің кәсіби білімі, біліктілікті көтеру курстарынан алған заманауи тәжірибе, жеке терапия, супервизиядан өткен сағаттары ешқайда жойылмайды, яғни кәсіби тұрғыдан оқушы онлайн болсын, оффлайн болсын, кәсіби көмекті алады. Сондықтан бала QR-кодпен психолог кеңесіне жүгіне алады. Жасөспірімдер қазіргі таңда виртуал кеңістікте өзін ыңғайлы сезінеді, онлайн форматта қарым-қатынас құруы жоғары деңгейде, сондықтан көп жағдайда оқушы онлайн форматта кеңес алғанды қалайды, – дейді психолог Айгүл Тасанова.

Оның айтуынша, онлайн форматта кеңес алудың тағы бір ерекшелігі, тек өз мектебінің психологімен емес, өзі танымайтын өзге психолог көмегіне жүгіне алады. Ол шалғай ауылдағы балалар үшін таптырмас көмек. Сондықтан көмек аламын, дайынмын дейтін балаға онлайн арқылы кеңес алу кедергі емес. Бала өз үйінде отырып, көп уақытын жолға жұмсамай кеңес ала алады. Онлайн кеңестің артықшылықтары кемшіліктерге қарағанда басым.

– Балалардың психологиялық кеңес алуына көп жағдайда буллинг, ата-анасының ажырасуы, отбасының әлеуметтік жағдайы сияқты мәселелер әсер етеді. Мұндайда кәсіби психолог жағдайдың күрделілігіне байланысты арнайы алгоритм бойынша кеңес береді. Қазіргі таңда когнитивті-бихевиоралды терапия арқылы оқушылар жақсы нәтижеге жетіп жүр. Өйткені бұл терапия – ғылыми тұрғыда дәлелденген «алтын стандарт», – дейді Айгүл Тасанова.

БІРРЕТТІК КЕҢЕСПЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Білім саласының сарапшысы Өмір Шыныбекұлының айтуынша, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық, әлімжеттік баяғыдан бар. Соңғы жылдары көбейіп кетті. Оны толық тоқтату қиын. Білім саласының мамандары бұл мәселе аясында түрлі шаралар қабылдап жатыр. QR-кодтар да зорлық-зомбылықты тоқтатудың бір амалы.

– Осыдан кейін мектептерде әділдік орнайды деген ұғым болмауы керек. Қазір білім саласында жалған диплом алғандар көп. Психологтердің арасында да біліксіздері бар. Әрі балаға манипуляция жасау оңай. Сондықтан «111» қызметінде кеңес беретін психолог мамандардың сапасын жіті тексеру керек. Бір кеңеспен баланың мәселесі толық шешілмейді. Сондықтан психологтер оқушының хабарласқан жағдайы толық шешілгенше үнемі байланыста болуы қажет, – дейді Өмір Шыныбекұлы.

Оның айтуынша, мектеп – қоғамның кіші үлгісі. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың саны күн санап артуда. Қазір қоғамда бұған қатысты ақпаратты көп кездестіруге болады. Мұны ғылымда Вертер синдромы дейміз. Яғни, белгілі бір оқиға туралы БАҚ-та жиі айтылған сайын, сол оқиғаға ұқсас жағдайлар саны артады. Мектептегі әлімжеттікті азайту үшін қоғамды өзгертуіміз керек. Әр баланың тағдырына отбасындағы мәселелер де әсер етеді. Толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылар көп. Сондықтан балалар арасындағы зорлық-зомбылықты азайту үшін ата-ана, мектеп, мемлекет үшжақты жұмыс істеуі керек.

Әділетсіздікке сіз бен біздің шыдауымыз мүмкін. Бірақ енді қалыптасып келе жатқан бала әділетсіздікке төзбейді. Мұның салдары суицидке алып келуі мүмкін. Сондықтан балаға психологиялық көмекті уақытында көрсету маңызды.

КӘСІБИ БАҒДАР – НАРЫҚҚА БЕЙІМДЕУ КІЛТІ

(Басы 1-бетте)

Айдана НҰРМҰХАН

JOO High Schools желісінің бас профориентаторы Диас Асановтың айтуынша, бұл лауазым иесі оқушының мамандық таңдауын жеңілдетіп, оларды еңбек нарығына дайындайды. Аталмыш маман оқушының қызығушылығы мен қабілетін (тесттер, әңгімелесу арқылы) анықтап, мамандықтар туралы ақпарат береді және кәсіпорындармен байланыс орнатады. Сондай-ақ ата-ана және мұғалімдермен бірлесіп жұмыс істеп, оқушыны бейіндік оқуға бағыттайды.

«Кәсіптік бағдар беретін педагог жастардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына және оқушының қабілеті-қызығушығын еңбек нарығының қажеттілігімен үйлестіруге көмектеседі. Бұл процесс оқушыларды өз мүмкіндігін тануға, мамандықтар әлемін зерттеуге және қоғамға пайдалы әрі өзіне ұнайтын кәсіпті таңдауға бағыттайды. Егер кәсіптік бағдар дұрыс жүргізілмесе, жастар кездейсоқ таңдау жасап, кейін мамандығына қанағаттанбау, жұмысты жиі ауыстыру немесе тіптен жұмыссыз қалу сияқты мәселелерге тап болады. Жаңа «педагог-профориентатор» лауазымының енгізілуі мектептерде кәсіптік бағдар беруді жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл бастамадан оқушылардың мамандық таңдаудағы саналылығы артады, еңбек нарығына сұранысқа ие мамандықтарға қызығушылық өседі және мектеп пен ЖОО, кәсіпорындар арасындағы байланыс нығаяды деп күтеміз», – дейді Диас Асанов.

Елімізде оқушы мен оның ата-анасына кәсіптік бағдар беруге көмектесетін жекеменшік орталықтар жетерлік, жеке мектептерде де арнайы мамандар бар, тіптен жалпы білім беретін мемлекеттік ұйымдарда да 0,25 немесе 0,5 штатта педагогке қосымша жүктеліп келді. Енді бұл мамандық ресми түрде бекітіліп отыр. Өйткені кәсіптік бағдар берудің маңызы жоғары. Әйтсе де, сүйікті мамандық таңдауға, оны ақыл сүзбесінен өткізуге, нарық сұранысындағы жұмыс орындарын толтыруға бір ғана профориентологтың қауқары жете ме?

«Білім – күш» қоғамдық қорының төрағасы, педагог Айгүл Қанатқызының пікірінше, еліміздегі жалпы білім беруді концептуалды мектептер жүйесіне бағыттау керек.

«Адам тіпті көйлек сатып алса да, алдымен киіп көреді емес пе? Әр бала өзі сүйетін мамандығын таңдауға тиіс десек, алдымен оқушы онысын өзіне өлшей алуы қажет. Бұл орайда педагог-профориентологтің атқаратын жұмысы зор. Әлемдік тәжірибеде, әсіресе дамыған елдерде кәсіби бағдар беру ісі әбден жолға қойылған. Профориентолог – оның бір ғана бөлігі. АҚШ, БАӘ, Оңтүстік Корея сынды елдердегі кәсіптік білім беру жүйесін зерттеп көрдік. Primary school (6-сыныпқа дейінгі бастауыш сынып) кезінде баланы түрлі мамандыққа баулиды, кейін secondary school кезінде баланың қарым-қабілетін ескеріп, белгілі бір саланы тереңдетіп оқытатын арнайы мектепке бағыттайды. Мәселен, АҚШ-та 8 Нобель иегері шыққан жекеменшік ғылым мектебінде болдық. Яғни, әрбір білім ұйымының нақты бір салаға бағытталған концепциясы болады: IT, арт, спорт, заң, экономика, ғылым мектебі және тағы басқа. Елімізде мамандық таңдау 10-11 сыныпта қолға алына бастайды, бұл бастама бастауышта қолға алынуға тиіс», – дейді сарапшы.

ПРОФОРИЕНТОЛОГ ПЕДАГОГ БОЛУЫ ШАРТ ЕМЕС

Оқу-ағарту министрлігі осы айдан бастап оқушылардың кәсіптік бағдарлануы бойынша орта білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары басталатынын, биыл 805 ұстазды оқытатын хабарлады. Бұл курстарды ұйымдастырушы – «Өрлеу» ұлттық орталығы. Отандық және халықаралық жетекші сарапшылар қатысатын курс бағдарламасы үш аптаға созылмақ және мұғалімдер біліктілікті арттыру сертификаттарын алады.

«Кәсіптік бағдарлаудың негізгі міндеті – жоғары сынып оқушыларының әртүрлі кәсіп туралы ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауы мен талдау дағдыларын қалыптастыру. Болашақ мамандықты саналы түрде таңдау оқушыларға пәндерді оқуға көбірек көңіл бөлуге, олардың мансап үшін маңыздылығын түсінуге, академиялық үлгерімді арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар кәсіптік бағдарлау ойындары, шеберлік сыныптары мен тренингтер оқушылардың коммуникативті, аналитикалық және шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін сұранысқа ие құралдарға айналуда. Осы әдістердің барлығын педагогтер курс аясында үйренеді», – деді басқарма төрағасы Айдана Шилибекова.

Елімізде «педагог-профориентатор» мамандығы бойынша арнайы ЖОО бағдарламасы жоқ, осыған ұқсас бірді-екілі курстар ғана бар. Оның өзі педагогтерді кәсіптік бағдар беруге бейімдеумен айналысады. Айгүл Қанатқызының пікірінше, бұл мамандар педагогиканың бір бағыты ретінде арнайы оқытылуға тиіс.

«Қазіргі уақытта профориентологтердің өзіне дұрыс бағдар берілуге тиіс. Бүгінде көптеген кәсіптік бағдар берумен айналысатын мамандар жекеменшік орталықтарда жұмыс істейді және олар ата-анасы ақы төлеп отырған соң көбіне-көп балаларды шетелдерде оқуға үгіттейді. Ал шетел асқан балалар елге оралуды, Қазақстанның еңбек нарығы сұрап тұрған мамандықтарды игеруді ойламайды. Президенттің бүгінгі бастамасы жұмысшы мамандықтарға балалардың ынтасын оятуға бағытталып отыр. Бұл іске жеке орталықтардың мүдделі бола қоймайтыны анық, сондықтан еліміздің ЖОО жүйесінде оқытылуы керек деп санаймын», – дейді сарапшы.

Ал Диас Асанов профориентаторды педагог мамандығын игеруге міндеттеу керек еместігін айтады.

«Бұл мамандар педагогикалық білім базасына (мысалы, «Педагогика және психология») сүйеніп, қосымша курстар немесе біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы даярлануы мүмкін. Мысалы, біліктілікті арттыру орталықтары сияқты ұйымдар профориентаторларды дайындау курстарын ұсынады. Алайда профориентаторларды педагог мамандығын игеруге міндеттеу керек емес. Профориентатор практикалық ортадан, бизнестен немесе өндірістен келсе, іс нәтижелі болар еді. Профориентологтердің кәсібилігі арнайы сертификаттау органдары арқылы тексерілуі мүмкін. Бұл процесс әлі толық жүйеленбеген, болашақта нақты стандарттар мен аттестация енгізілуі ықтимал», – деп есептейді маман.

> **Қазіргі уақытта профориентологтердің өзіне дұрыс бағдар берілуге тиіс. Бүгінде көптеген кәсіптік бағдар берумен айналысатын мамандар жекеменшік орталықтарда жұмыс істейді және олар ата-анасы ақы төлеп отырған соң көбіне-көп балаларды шетелдерде оқуға үгіттейді. Ал шетел асқан балалар елге оралуды, Қазақстанның еңбек нарығы сұрап тұрған мамандықтарды игеруді ойламайды.**

СҰРАНЫС ПЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

Қазақстанның еңбек нарығында жұмысшы мамандықтар (техник, инженер, агроном), білім беру және денсаулық сақтау саласындағы мамандарға сұраныс жоғары. Бірақ жастардың көбі IT, бизнес немесе шығармашылық салаларға ұмтылады.

Диас Асановтың айтуынша, бұл сәйкессіздіктің себебі – ақпараттың жетіспеуі, стереотиптер және нарықтың қажеттіліктерін дұрыс түсінбеу.

«Қазіргі таңда елімізде ата-аналар мен оқушылар арасында жұмысшы мамандықтарға (мысалы, құрылысшы, электрик, слесарь, технолог) қызығушылық салыстырмалы түрде төмен. Бұл бірнеше себепке байланысты. Көптеген ата-ана балаларының ЖОО-да оқып, «беделді» мамандық иесі (дәрігер, заңгер, IT-маман) болғанын қалайды. Жұмысшы мамандықтардың жалақысы мен әлеуметтік мәртебесі төмен деп есептеледі. Оқушылар арасында бұл мамандықтар жайлы ақпарат жетіспейді немесе олар «онша емес» деп қабылданады. Сол себепті жұмысшы мамандықтардың деңгейін арттыру керек. Ол үшін медиа арқылы жұмысшы мамандықтардың маңызын, олардың экономикадағы рөлін және табыс әкелетін мүмкіндіктерін насихаттауымыз қажет. Сондай-ақ кәсіпорындарға экскурсия ұйымдастыру, шеберлік сыныптарын және тағы басқа іс-шаралардың маңызы зор. Жұмысшы мамандықтарды таңдаған жастарға стипендия, жеңілдіктер немесе жұмысқа орналасу кепілдігін ұсынуға да көңіл бөлінсе игі. Жұмысшы мамандардың мәртебесін көтеру, яғни жетістіктерін көрсету, оларды қоғамда құрметтеу дәстүрін қалыптастыру және тағысын тағылары. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында профориентологтердің рөлі осы бағыттағы стереотиптерді бұзып, оқушыларды ынталандыруда маңызды болары анық», – дейді сарапшы.

QBIS (Қазақ-Британ халықаралық мектебі) құрылтайшысы Айгүл Қанатқызы биыл жазда Алматыда мамандық таңдау лагерін ұйымдастыратынын және осы алаңда еліміздің еңбек нарығындағы сұранысы жоғары мамандықтар болатыны айтты.

«Бұл идея Сан-Диего қаласындағы осыған ұқсас лагерьден алынған. Онда сұраныстағы мамандықтарды тәжірибеде көруге мүмкіндік қарастырылды. Мәселен, дәрігер болғысы келетін 16-17 жастағы жеткіншектер УДЗ-ге түсіріп көрген, ал хирург болғысы келетіндер робот адамның терісін тігіп көрді және т.с.с. Тіпті, мұхит зерттеушісі дейтін маман иесіне дейін болды. Биыл жазда алғаш рет мемлекеттік органдармен бірлесе отырып осындай лагерь ұйымдастырып көрмекпіз. Өйткені оқушы мамандықты тану үшін оны тәжірибеде сынап көруге тиіс», – дейді Айгүл Қанатқызы.

РУХАНИЯТ

3 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Алма АЙДАР, *киносыншы:*

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда кино саласына қатысты да сын айтқан еді. Өз сөзінде Мемлекет басшысы «Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа» деген еді. Расында, соңғы жылдары түсірілген фильмдердің көпшілігі дерлік комедия жанрында екені жасырын емес. Қазір кино саласына жайдарманшылар араласа бастады. Касса жинап, рекорд жаңартып жатқан да солар. Саны көп, сапасы жоқ фильмдер легі толастамай тұр. Бұған тоқтау бола ма? Біз бұл туралы кинотанушы Алма Айдардан сұрадық.

КИНОИНДУСТРИЯДАҒЫ КӘСІБИ СТАНДАРТТАРДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

– Алма ханым, Мемлекет басшысы Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда қазақ киносына қатысты да сын айтты. Президент «санға емес, сапаға көңіл аудару қажеттігіне» мән берді. Сараптан өткізу жолдарын қарастырған жөн екеніне тоқталды. Жаңа фильмдерді көрерменге ұсынбас бұрын не істеген абзал?

– Президенттің көтерген мәселесі өте өзекті. Қазір фильмдерді сараптау жүйесін күшейту қажет. Біріншіден, ұлттық мүдде мен көркемдік сапаны ескеретін кәсіби кино сарапшылары мен сыншыларынан құралған тәуелсіз көркемдік кеңес құру керек. Екіншіден, фильмдердің сценарий деңгейінде сараптамадан өтуі маңызды, себебі көптеген әлсіз фильмнің басты проблемасы – драматургияның әлсіздігі. Үшіншіден, отандық фильмдерді арнайы тестік көрсетілімдер арқылы көрерменге ұсынып, олардың пікірін ескеру жүйесін енгізу керек.

– Қазір апта сайын жаңа фильмдер шығады. Былтырғы жылдың өзінде 94 көркемфильм жарық көрген. Отандық өнімдер шыққанымен, олардың көпшілігінің сапасы сын көтермейді. Біз қазір сапаға емес, санға көбірек мән беріп кеттік. Жекеменшік фильмдердің сапасын арттыру мүмкін бе?

– Иә, соңғы жылдары кино өндірісінің қарқыны артты, бірақ сапа мәселесі өзекті болып отыр. Жекеменшік фильмдердің сапасын арттыру үшін ең алдымен индустриядағы кәсіби стандарттарды күшейту қажет. Мемлекеттік деңгейде салықтық жеңілдіктер, субсидиялар немесе арнайы гранттар арқылы сапалы кино түсіретін мамандарды ынталандыруға болады.

– Зорлық-зомбылық, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер көбейді. Мұның алдын алуға бола ма?

– Бұл мәселені шешу үшін бірнеше бағытта жұмыс істеу керек. Біріншіден, рейтингтік жүйені нақтылап, зорлық-зомбылық пен агрессия деңгейі жоғары фильмдерді белгілі бір жас санатына сәйкес көрсету қажет. Екіншіден, киноөндіріс саласында моральдық-этикалық нормаларды сақтауды қадағалайтын арнайы кеңес болуға тиіс. Үшіншіден, отандық кино өндірісінде позитивті, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін фильмдерге көбірек қолдау көрсету керек.

– Жеке қаржыға түсірген соң продюсерлердің көбі қайтарым болғанын қалайды. Ал көрерменге қазір арзан, жеңіл фильмдер көбірек өтеді. Мемлекеттік тұрғыдан біз оларға талап қоя аламыз ба?

–Жеке продюсерлерге тікелей талап қою қиын, себебі олар нарықтық заңдылықтарға бағынады. Дегенмен мемлекет белгілі бір жолдармен кино өндірісіне ықпал ете алады. Мысалы, салықтық жеңілдіктер мен субсидияларды тек әлеуметтік маңызы бар, мәдени және көркемдік құндылығы жоғары фильмдерге беру арқылы продюсерлерді сапалы кино жасауға ынталандыруға болады. Сонымен қатар ұлттық киноны қолдауға бөлінетін қаржының тиімділігін арттыру қажет.

– Байқасаңыз, соңғы жылдары көрсетіліп жатқан фильмдердің көпшілігінің тілі қойыртпақ. Орысша араластырып сөйлеу сәнге айналды. Кино тілін тазалай аламыз ба?

– Бұл мәселе кино индустриясындағы жалпы тілдік саясатпен байланысты. Біріншіден, мемлекеттік қаржыландыру алатын барлық фильм мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде болуға тиіс. Екіншіден, сценарий сараптамасында тіл тазалығына ерекше мән берілуі керек. Үшіншіден, дубляж сапасын арттырып, көркем аударманың кәсіби деңгейін көтеру қажет.

– «Ұлттық киноны қолдау» орталығы әзірлеген фильмдер прокатта көп өте бермейді. Жекеменшік фильмдердің дәурені жүріп тұр. Жалпы, кино – идеология құралы десек, бүгінгі қазақ киносының бағыты қандай?

– Қазақ киносының қазіргі бағыты көпвекторлы. Бір жағынан, ұлттық тарихи, мәдени тақырыптарға арналған фильмдер түсіріліп жатыр, екінші жағынан, коммерциялық жобалар белсенді дамуда. Дегенмен идеологиялық тұрғыдан ұлттық бірегейлікті, отаншылдықты, тарихи мұраны насихаттайтын фильмдерге басымдық берілуі керек. Сонымен қатар әлеуметтік проблемаларды көтеретін авторлық кинолар да қолдауды қажет етеді. Осы тұрғыда «Ұлттық киноны қолдау қоры» қаржыландыратын фильмдердің дистрибуциясы мен PR-науқандарына қаржы көлемін ұлғайту өте маңызды. Себебі сапалы әрі ұлттық идеяларға негізделген фильмдер көрерменге дұрыс жетпеген жағдайда олардың әсері төмендейді. Сондықтан мемлекеттік қаржыландыру тек фильм өндірісіне ғана емес, оны кеңінен насихаттауға, кинотеатрларға жеткізуге және халықаралық деңгейде танытуға да бағытталуы тиіс.

– Қазақ киносы мықты болуы үшін режиссерлер мықты болуы қажет емес пе? Қазір Айманов, Қожықов, Бегалин жолын жалғастырған мықты тұлғалар шықты ма? Үздік деп кімді айтар едіңіз?

–Қазіргі қазақ киносында талантты режиссерлер аз емес. Әр буынның өз ерекшелігі бар. Аға буын режиссерлер қатарында Болат Қалымбетов, Дәрежан Өмірбаев, Серік Апрымов, Ардақ Әмірқұлов, Жаңабек Жетіруов және т.б., орта буын режиссерлердің ішінде авторлық кино бағытын дамытып жүрген Нариман Төребаев, Әділхан Ержанов, Эмир Байғазин, Шарипа Уразбаева, тарихи және әртүрлі жанрдағы кино туындылармен танымал Рүстем Әбдірашев, Ақан Сатаев, Данияр Саламат, Асқар Ұзабаев, Қанағат Мустафин, Нұргелді Садығұлов, Фархат Шәріпов. Сонымен қатар жас режиссерлер арасынан ерекше атап өтуге болатын Кенжебек Шайқақов, Айжан Қасымбек, Дархан Төлегенов, Максим Қодаров, Елзат Ескендір, Диас Бертіс сияқты режиссерлер өз қолтаңбасын қалыптастырып келеді.

– Авторлық фильмдердің дәуірі қашан жүреді? Олар әлде тек фестиваль үшін түсіріле ме?

– Авторлық кино әлемдік тәжірибеде де коммерциялық киноға қарағанда таралымы әлдеқайда аз. Бірақ оның белгілі бір аудиториясы бар. Егер авторлық киноға жүйелі қолдау көрсетілсе (мемлекеттік гранттар, арнайы фестивальдар ұйымдастыру, кинотеатрларда көрсетілімдерге орын бөлу), онда бұл бағыт дамиды.

– Көрерменнің талғамы туралы не айтар едіңіз? Аншлагпен өтіп жатқан фильмдер жақсы көрермен қалыптастыра ала ма?

– Көрермен талғамы уақыт өте өзгереді, оған қоғамдағы жалпы мәдени деңгей ықпал етеді. Егер сапалы, терең мазмұнды фильмдер көптеп ұсынылса, көрермен талғамы да жоғарылайды. Сондықтан киноиндустрия өкілдері тек коммерциялық табыс емес, көркемдік деңгей мен ұлттық идеологияны да ойлауы керек. Бұл ретте мектеп бағдарламасына әдебиет пен бейнелеу өнерімен қатар «Кино өнері» пәнін енгізу маңызды. Бұл оқушылардың кинематографқа деген көзқарасын кеңейтіп, сапалы кино өнімін ажырата білуіне ықпал етіп, көркемдік талғамын қалыптастырады.

Сұхбаттасқан Гүлзина БЕКТАС

ШӘКӘРІМ ШУАҒЫ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауы биыл үшінші мәрте өтті. 2023 жылы Adal as компаниясының демеушілігімен басталған бұл байқау ұлы ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы мен өмірбаянын жасөспірімдер мен балалар арасында кеңінен насихаттауға арналып отыр.

Дәстүрлі «Шәкәрім оқулары» байқауының бірінші турына биыл еліміздің барлық аймағынан екі мыңнан астам үміткер қатысуға өтінім берген. Әсіресе, 5-8-сынып оқушылары арасында белсенділік байқалды. Әрі аймақтарда жас шәкәрімтанушылардың қатары көбейіп отырғаны қуантады. Мысалы, бір ғана Қызылорда облысынан байқаудың алғашқы кезеңіне қатысуға 162 бала ынта білдірген екен.

Енді осы екі мыңнан аса қатысушының арасынан іріктеліп, топ жарған 18 бала елордаға келіп, байқаудың ақтық сынына қатысты. Үміткерлер Шәкәрім Құдайбердіұлының ғибадатқа толы өлеңдерін жарыса жатқа айтып, қазылар алқасының қойған сұрақтарына жауап беріп, қабілеті мен өнерін ортаға салды.

Байқаудың шымылдығын Ұлттық академиялық кітапхана басшысының міндетін атқарушы Нұржан Нұрланұлы құттықтау сөзбен ашты.

– Құрметті, ел ағалары, ұстаздар, оқушылар, қатысушылар Ұлттық академиялық кітапханада өтіп жатқан III республикалық «Шәкәрім оқуларына» қош келдіңіздер! Бұл ұлы ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының тағылымды еңбектері мен өнегелі өмір жолын насихаттау мақсатында еліміздің барлық аймағында өткен байқаудың мәресі, екі айға жуық болған сынақтың қорытындысы. Әр облыстың үкіленген үмітін арқалап келген, «Шәкәрім оқуларына» қатысып жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанар үздіктердің анықталар сәті. Ал біз Ұлттық академиялық кітапхана басшылығы тарапынан оқушыларға осындай білім мен ғылым сайысына қатысуға жол ашқан жас шәкірімтанушылардың ұлағат шуағына бөленуге мүмкіндік берген Adal as компаниясына, оның басшысы Ермек Асылғазыұлына алғысымызды білдіреміз, – деді ол өз сөзінде.

Үшінші мәрте өткен «Шәкәрім оқулары» байқауына Adal as компаниясының құрылтайшысы, меценат Ермек Мезібаев, ақын, филология ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанат Әскербекқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, абайтанушы Жандос Әубәкіров, тарих ғылымдарының докторы, Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Мемлекет тарихы институтының Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Махсат Алпысбесұлы, журналист Aiqyn газеті бас редакторының орынбасары Гүлзина Бектас және ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкері Айжан Тәбәрәккызы қазылық жасады.

Байқау барысында оқушылар ғұлама ақынның өлеңдерін жаттап, мәнерлеп айтып қана қоймай, оның өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді. Ал қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтап, шын жүйріктердің есімін атап, жүлделерін үлестіріп, бір ай бойғы еңбегін бағалап марапаттады. Байқау қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққан Батыс Қазақстан облысы Орал қаласынан келген 8-сынып оқушысы Нұрайым Есболсын бас жүлдеге ие болса, I орынды Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының 5-сынып оқушысы Муслима Әбілқайырқызы иеленді. II орын Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының 5-сынып оқушысы Оразбек Бақдәулет Мақсатұлына бұйырса, астаналық 7-сынып оқушысы Муратбек Нұрқайыр жүлделі III орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға бас демеуші Adal as компаниясы тағайындаған бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Қ.МҰХАМЕТҚАЛИ

ЕРТІС-БАЯН ӨНЕРПАЗДАРЫ – ЕЛОРДАДА

Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театрының ұжымы 14-15 сәуір күндері гастрольдік сапармен Астанаға келеді.

Киелі Ертіс-Баян өңіріндегі театр өнерінің тәбәрігін ала келген труппаның бұл сапары елорданың мәдени өмірі үшін маңызды оқиға болатыны даусыз. Олар елорда төрінде «Джудит жасаған қиын таңдау» (қоюшы режиссері – Сергей Левицкий), «Маугли» (режиссері – Дәурен Төлеубаев) және «Ұждан» (қоюшы режиссері – Азамат Нигманов) қойылымдарын сахналайды.

Олардың әрбірінің көтерген жүгі ауыр. Мәселен, Шәкәрім шығармасына негізделген «Ұждан» әпсанасы болмыстың нәрі мен құнары – Ұжданнан айырылып бара жатқан қоғамды сипаттайды. Ақын Шәкәрімді толғандырған «ар, ұят, ынсап, намыс» атты басты адамдық қасиеттер жайы сөз болады.

Ал Грейс Макклиннің «Самая прекрасная земля на свете» романының желісі бойынша сахналанған «Джудит жасаған қиын таңдау» – ересектерге де, балаларға да ерекше көңіл күй сыйлап, ғажайыптар мен ертегі әлеміне апаратын спектакль-шоу.

– Спектакльдің динамикалық құрылымы арқылы қойылым авторлары көрерменге әке мен баланың арасындағы мәселелерді қозғайды. Бала мен ата-ана арасындағы көпірдің күйреуі сияқты өмірдегі маңызы жоғары және мәні терең құбылыстар жайлы сыр шертеді. Қойылым айналаға – балаға ересек адамның көзімен, ал ата-анаға баланың көзімен қарауға мүмкіндік береді, – дейді театрдың әдеби драма бөлімінің меңгерушісі Аружан Оразова.

Естеріңізге салсақ, биыл Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театрының құрылғанына 35 жыл толады. Қасиетті Ертіс-Баян өңірінің рухани қара шаңырағы саналатын театр 1990 жылы 7 желтоқсанда режиссер, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ерсайын Тәпеновтің сахналауында М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясымен алғаш шымылдығын түрген болатын. Көрнекті театр қайраткері, сол кездегі Т.Жүргенов атындағы Алматы өнер институтының ректоры Ә.Сығай театрға Музыкалық комедия және театр бөлімінің түлектерін жолдамамен жіберіп, үлкен үлес қосқан.

Театр сахнасында ұлттық драматургиямен қатар әлем классиктерінің үздік шығармалары қойылған. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан», «Қаракөз», У.Шекспирдің «Король Лирі», А.Чеховтың «Шағала», Еврипидтің «Медея», И.Кальманның «Сильва», «Мистер Икс», И.Штраустың «Жарқанат», Ф.Эрвеннің «Түлкі бикеш», И.Цагарелидің «Ханума», М.Байсеркеұлының «Абылай хан», «Кене хан», сонымен қатар осы заманғы драматургтердің пьесалары, Д.Исабековтің «Әпке», «Мұрагерлер», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Актриса», Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», Ә.Таразидің «Жақсы кісі», С.Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз», И.Байзақовтың «Ақбөпе», Ш.Айтматовтың «Ана – Жер Ана», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Шернияз», Иран Ғайыптың «Естайдың Қорланы», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Ұлпан – Есеней», Мольердің «Сарқаң», К.Голдонидің «Венециялық егіздер», Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», А.Ихсанның «Соңғы Мамонт», Ш.Айматовтың «Жәмила», Е.Төлеубайдың «Кербез келіндер» т.б. қойылымдары театрсүйер көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Театр соңғы жылдары жаңашыл қойылымдарымен көзге түсіп, көптеген республикалық және халықаралық фестивальда олжа салды. Соның бірі – 2023 жылы Ресейдің ФЭСТ драма және комедия театрында өткен «Подмосковные вечера» фестиваліне қатысып, «Үздік ансамбль» номинациясын иеленді. Бұдан бөлек, Орал қаласындағы театрлар бәсекесінде «Король лир» қойылымымен «Үздік стенография» аталымын, Көкшетауда «Венециялық егіздер» қойылымымен «Үздік режиссерлік қойылым» аталымын жеңіп алса, «Ертіс-Баян» республикалық театрлар фестивалі, Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының XXX Республикалық фестивалі өнер ұжымы үшін табысты өрілді. Ал 2024 жыл қорытындысында «Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің» сыншылар жүлдесінде бірнеше номинациямен марапатталған.

Мейір ЖАСЫН

ТҰРҒЫН ҮЙ САЛАСЫ ТҰРАЛАП ТҰР

Елімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл болды, тұралап тұр. Осыған дейін пәтер иелері кооперативтерінің бақылауында болған бұл бағытта реформалар енгізіліп меншік иелері бірлестіктері мен қарапайым серіктестіктерге берілгенімен, іс жүзінде өзекті мәселелер күні бүгінге дейін шешімін таппаған. Жылу, су, кәріз жүйелерінің тозығы жеткен. Басқа да күрделі жайттар жетіп артылады. Елорданың іргесінде орналасқан Ақмола облысында да саладағы жағдай аса күрделі. Аймаққа арнайы сапармен ат басын бұрған Парламент Мәжілісінің депутаттары «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Екатерина Смышляева мен Юлия Кучинская облыс орталығы – Көкшетау қаласындағы меншік иелері бірлестіктері мен қарапайым серіктестіктермен кездесу кезінде саладағы өзекті мәселелер тағы бір мәрте талқыға түсті.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Аймақтағы көпқабатты тұрғын үйлердегі меншік иелерінің пәтер иелері кооперативтеріне өкпелері қара қазандай. Өйткені тұрғын үйлердің жертөлелерінен бастап, су, жылу және кәріз жүйелері әбден тозған. Тұрғын үйлердің де жағдайы аса мәз емес. Депутаттардың айтуынша, аталған сала тіпті тұтас ел бойынша әбден былыққа батып, қордаланып кеткен. Түйіні шырмалған түйткілді шешудің жалғыз жолы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заңдарға түзетулер енгізу қажет. Ол үшін сол жағдайлармен күн сайын бетпе-бет қалып жүрген жұртшылықтың пікірлері мен ұсыныстары аса маңызды. Халық қалаулылары күрмеуі шиеленіскен саладағы жағдайды реттеуде халыққа тиімді тұсқа баса назар аударылатынын атап өтті.

– Біздің міндетіміз – бұл саладағы жағдайды жақсартуға күш салу. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформалары осыдан аттай алты жыл бұрын, яғни 2019 жылы басталған еді. Бүгінде түзетулер енгізудің ең соңғы кезеңіне де жеттік. Әрине, түбегейлі өзгерістер болмағанымен, заңға жағдайды жақсарту бағытында өзгерістер енгізу қажет, – дейді Екатерина Смышляева.

Мәжіліс депутаты көзделген өзгерістер жайлы қысқаша баяндап өтті. Халық қалаулысының айтуына қарағанда, реформалар бірінші кезекте тұрғындардың өздері сол тұрғын үйді басқаруға қатыстыруға бағытталған. Бұл елдегі жалпы тұрғын үй қорының іс жүзінде әбден тозып, пәтер иелері кооперативтеріне халықтың ашы жанайқайын тудырып жатқанына байланысты аса үлкен қажеттіліктен туындаған. Үйлерді басқарудың меншік иелері бірлестіктері мен қарапайым серіктестік түріндегі жаңа формалары енгізілгенімен бұл саладағы жағдайды реттей алмаған. Сондықтан заңға түзетулер енгізілуі ауадай қажет.

– Саладағы алғашқы аса ірі өзгеріс басқару субъектісі мен формаларын бөлуге бағытталып отыр. Басқару формалары заңды тіркелген меншік иелері бірлестігі немесе тіркеусіз тікелей бірлескен басқару түрінде қала бермек. Қарапайым серіктестіктер іс жүзінде алынып тасталады. Қарапайым серіктестер дәл сол тікелей бірлескен басқару. Олар өз жұмысын осындай жаңаша түрде жалғастыратын болады, – дейді Екатерина Смышляева.

> **Көптеген тұрғын үй бәз-баяғыдай иесіз күйде қалған. Сондықтан тозығы жеткен үйлерге ешқандай жөндеу жұмыстары да жүргізілмеген. Ал бұл үлкен апаттық жағдайға дейін әкеліп соққан.**

Депутаттың айтуынша, басқару субъектілері басқарушы компаниялар, пәтер иелері кооперативтері және кәсіби басқарушылар болып үш түрге бөлінеді. Бұл ортақ мүліктерін кәсіби басқаруға сол үйдің өз ішінде ниетті адамы болмаған тұрғын үйлерге кәсіби басқарушыны жалдауға мүмкіндік береді. Ол жалақы үшін үйдің барлық мәселелерімен айналысатын тиісті арнайы сертификаты бар адам болуға тиіс.

Жиын барысында қажетті құжаттардың бірыңғай формасы қосымшаларымен үйлерді басқарудың ортақ ережесін құру жоспарланғаны да аталып өтті. Сонымен қатар тариф жайы да талқыға түсті. Оған өңір мәслихаттарымен бекітілетін айлық есептік көрсеткіш сомасына минималды тариф тіркеу жоспарланған. Бұл тариф халық арасында дүрбелең туғызбай инфляциямен бірге жыл сайын өсуге тиіс. Минималды тариф үйдің салынған жылына және басқа да факторларға байланысты коэффициентпен қамтылады. Қалған мақсатты жарналар жаңа жеделсаты орнату, жалпы тұрғын үйді сондай-ақ шатырды жөндеу сияқты ортақ қажеттіліктерге жұмсалмақ. Мұның бәрі әрине тұрғындардың келісімімен жүргізіледі.

Жалпы, елімізде 50 мыңға жуық көп қабатты тұрғын үйлер болғанымен күні бүгінге дейін тек 6 мыңға жуық меншік иелері бірлестіктері ғана құрылған болып шықты. Мемлекеттік органдар 39 мың қарапайым серіктестіктер құрылды деп жоғарыға есеп бергенімен, іс жүзінде жергілікті биліктің тиісті реформаны тек «қағаз жүзінде» қалдырғаны мәлім болды. Көптеген тұрғын үй бәз-баяғыдай иесіз күйде қалған. Сондықтан тозығы жеткен үйлерге ешқандай жөндеу жұмыстары да жүргізілмеген. Ал бұл үлкен апаттық жағдайға дейін әкеліп соққан. Үйлер бұзылуға шақ қалған тұрғындарға күрделі жөндеу үшін тағы да өз қалтасынан бірақ басқа ақшаны жұмсауға тура келгендері де баршылық.

Жиын барысында депутаттарға қаладағы пәтер иелері кооперативтері мен тұрғын үй иелері бірлестіктерінің төрағалары жылдар бойы қордаланған басқа да түйткілді жайттардың шетін шығарды. Олардың ішінде әсіресе қарыздар жайы аса өткір тұр. Мұны депутаттар да мақұлдады. Олардың айтуынша, бүгінде борышкерлерге ықпал ете алатын іс жүзінде тетік жоқ. Жеке сот орындаушылары коммуналдық төлемдермен айналысқысы келмейді. Ал борышкерлер қандай да бір ауыр санкция алғанға дейін кемінде бір жылдан астам уақыт өтуге тиіс. Қазір қарызды өндіру мерзімі екі айға дейін қысқарған. Сонымен қатар әкімшілік айыппұлдарды заңдастыру, борышкерлердің есепшоттарына тыйым салу электр жарығының ақысын қасақана төлемеушілерді ажырату жөнінде де ұсыныстар айтылды.

Кездесу барысында көптің талқысына түскен тағы бір ұсыныс «Керемет» басқарушы компаниясының төрағасымен қозғалды. Компания жұмыс істейтін жаңа тұрғын үйде су және жылудың ортақ құбырлары сатып жіберілген. Үй астынан дүкен ашып алған меншік иесі жалпы тұрғын үйге ортақ коммуникацияны гипс-картон қораппен жасырып қойған. Тұрғын үйде апат болып жылу экраны бұзылып, дүкен іші суға кеткен. Апат 15 минут ішінде тоқтатылғанымен, үй иелері дүкен иесінің шығынды өтеуін талап етіп, істі сотқа берген. Басқарушы компания басшысының айтуынша, заңға тұрғын үй салушыларға ортақ коммуникацияны сатуға тыйым салатын немесе олар сатылып кеткен жағдайда жаңа меншік иелерін өз мүліктерін сақтандыратын нормалар енгізілуі қажет. Бұл шатырға шығуға қолжетімділікті шектейтін жоғарғы қабаттардағы қоймаларға да қатысты болуға тиіс. Сонымен қатар құрылыс салушылардың тұрғын үйлерді қабылдау кезінде төтенше жағдай қызметінің де бақылауынан өту қажеттілігі де көтерілді.

Жиында бұдан өзге де күрделі мәселелер айтылды. Мәселен, электр энергиясын есептегіштерді ауыстыру қала тұрғындары тарапынан аса үлкен резонанс тудырған. Өйткені өңірде бұл рәсімдер тарифке мүлде енгізілмей, тұрғындардың өз есебінен ауыстырылатын болып шықты. Сондай-ақ меншік иелері бірлестіктерінің төрағалары жаңадан салынған үйлерде кембағал жандарға арналған пандустарды орнату неліктен міндеттеріне жүктелетінін сұрады. Өйткені жаңадан салынған тұрғын үйлердің басым бөлігінде пандустары сапасыз әрі дұрыс жұмыс істемейтін болып шықты. Егер пандусқа мұқтаж адам тұратын болса, құрылғыны тұрғындар өз есебінен төлеп келген. Алайда кедергісіз ортаны қалыптастыру бірінші кезекте мемлекеттің оның ішінде әлеуметтік қорғау органдарының міндеті болуға тиіс емес пе?!.

Сегіз тұрғын үй қарайтын «Дон» пәтер иелері кооперативі төрағасының айтуынша, жылу есептегіш құралдарға қызмет көрсету жайы да жоғарыдан көтеруді қажет етеді. Ондағы көрсетімдерді заң ережелеріне сәйкес сертификатталған инспекторлар алуға тиіс. Бірақ шаһарды жылумен қамтитын «Көкшетау Жылу» кәсіпорнының өзінде тиісті жабдық жоқ. Салдарынан, есептегіш көрсетімдерін меншік иелері кооперативтерінің қалтасынан төлеуге мәжбүр ететін жеке компания алады.

Меншік иелері бірлестіктері қосымша құн салығы бойынша есепке қою межесін төмендету мәселесі де алаңдататынын атап өтті. Олардың айтуынша, жаңа ережелерге байланысты басқарушы компаниялар да салық төлеуге мәжбүр болған. Бұл да кері әсерін тигізген. Депутаттар бұл мәселенің қазір Парламентте талқыланып жатқанын атап өтті. Олар жиын барысында қозғалған қордаланған мәселелер мен ұсыныстар заңға түзетулер енгізу кезінде ескерілетінін алға тартты. Түйткілді мәселе алдағы Парламент қарауында тағы да көтеріліп, халықтың көтерілген ұсыныстары ортаға салынбақ.

P.S.

Қалай дегенмен де, жылдар бойы қордаланған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы мәселенің бүге-шігесін түгелдей талдап қарауды қажет етеді. Бұл орайда саладағы жүргізілген реформалар мен заңға енгізілетін өзгерістер мен түзетулердің іс жүзінде жергілікті жерлерде жүзеге асырылуын да қадағалауға да баса мән беру қажеттігі сөзсіз...

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАШАН СУҒА ЖАРИДЫ?

Мемлекет басшысы биыл ел халқын 100 пайыз таза ауызсумен қамтуды тапсырған болатын. Жыл аяғында бұл міндеттің орындалуы туралы облыс, аудан, ауыл әкімдері есеп береді. Ал біз осы уақытқа дейін Қарағанды облысында атқарылған шараларға көз салып көрсек.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды облысы әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 2025 жылы су мәселесі толығымен шешіледі деп уәде берген болатын. Нұра ауданына қарасты Құланөтпес, Ақтөбек, Нығыман ауылдары халқын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында былтыр құдықтан су тартуға 324 млн теңге бөлінген. Ақшаның қайда кеткеніне жауап берген облыс әкімі жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп жатқанын, биыл су берілетінін айтты.

«Құланөтпес тұрғындарымен мен жеке кездестім. Нұра ауданындағы халықпен кездесуде де жергілікті депутаттар осы мәселені көтерген. Құланөтпеске 324 млн астам теңге бөлінгені рас, конкурс жарияланды, мердігер тағайындалды. Жұмысты осы жақында бастайды. Биыл ол жерге міндетті түрде су берілетін болады», – деді облыс әкімі.

Қарағанды облысының ауылдарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жалғасуда. Бүгінде ауылдықтардың 93,6%-ы орталық сумен жабдықталған. Бұқар жырау ауданында – 98,3%, Абай – 95,5%, Осакаровка ауданында – 95,3%, Нұра ауданы 86,5%-ды құраған.

– Былтыр 38 жоба жүзеге асты. Жыл қорытындысына сай, «құрылыс» бағыты бойынша 14 нысанды және 26 кешенді блок-модульді пайдалануға береміз. Бұл 95,8%-ға жетеді. Барлық ауылдық елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету бойынша жобаны аяқтау келесі жылға жоспарланған», – деп хабарлады облыс әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Арман Саттыбаев.

Облыс басшысының айтуынша, алда азаматтардың, әсіресе ауылдық жерлерде өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін су құбыры желілерін салу және қайта құру бойынша үлкен жұмыс күтіп тұр. Мақсаты айқын, міндеттері анықталған, қаржыландыру мәселесі шешілуде.

Елдар ҚАБА (коллаж)

> **Негізі, су қалаға 2024 жылы берілуі керек еді. Алайда қала ішіндегі құбырлардың 80 пайызы тозып, қатты қысымға шыдамай қалыпты. Былтыр мұндағы 34 шақырым желінің тек 10 шақырымы ғана жаңғыртылған.**

Бұқар жырау ауданында биыл сапалы ауызсу мәселесін толық шешу көзделген. Бес ауылда жұмыстар жүргізілуде.

– Бүгінде біздің ауданда халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі 99%-ды құрайды. Мақсат – таяу уақытта көрсеткішті 100%-ға жеткізу. Былтыр Ақжар, Астаховка, Доскей, Трудовое, Аюлы, Алабас ауылдарында және Қушоқы кентінде су құбырларын жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл Ескі Тұзды, Стан және Севан ауылдарында суды тазартудың кешенді блок-модульдері орнатылады. Жаңааул және Бірінші Май ауылдарында су құбыры желілері жөнделеді. Осылайша, жыл соңына дейін ауданның барлық елді мекендерін таза ауызсумен қамтамасыз ету жоспарланған, – деді Бұқар жырау ауданы әкімі Ерлан Құсайын.

Қарқаралы ауданының алты ауылында су құбыры желілерінің құрылысы жалғасуда. Тағы тоғызында блок-модульдік сорғы стансалары орнатылады. Бұл жобалар ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге тиіс.

Биылғы жылдың межесінен үміт күткен Қарақаралы қаласының тұрғындары ауыз судан таршылық көріп отыр. Шаһарды 4 ұңғыма сумен қамтығанымен, қысым мүлде жоқ. Қарқаралы қаласының тұрғыны Несіпхан Темірғалиевтің айтуынша, шаһарға Жарлыдан су тарту жұмыстары 1987 жылдары басталған. Кейін жоба қаржының жоқтығынан тоқтап, құбырлар қолды болған. Содан бері халыққа тіршілік нәрі уақытша қазылған ұңғымалардан беріліп келеді. Алайда қысымның жоқтығынан су ақпай қалатын сәттер жиі болады.

«Жаздыгүні суға деген сұраныс жоғары болады. Ел кәдімгідей бау-бақшаларын суарады. Басқа да жағдайларға пайдаланады. Сондықтан әсіресе жазда су мәселесі Қарқаралыда өте өзекті болатын. Қарқаралының жерасты суы аз пайдаланылған жоқ, деңгейі түсіп кеткен шығар. Сондықтан судың тапшылығы қыс айларында да болып тұрады», – деді Несіпхан Темірғалиев.

Бүгінде қала тұрғындарын ауызсумен қамту үшін 4 ұңғыма жұмыс істеп тұр. Олардың әрқайсысы кемі 50 жылдан бері тоқтаусыз қызметте. Әрі жерасты су қорының жылдан-жылға азайып жатқаны тағы бар. Соның кесірінен қала маңындағы орман да сиреген көрінеді. Бәрін ретке келтіру үшін 40 шақырым жердегі жерасты суын қалаға тарту қолға алынған.

«Бұл жобада тәулігіне 1 600 текше метр су беріледі деп жоспарланып. Тексеру жұмыстары қалды. 2024 жылдың аяғында бұл жоба іске қосылу керек болған. Қарқаралы қаласының ішкі су желілері дайын болмағандықтан 2025 жылға шегертілді», – деді Қарқаралы аудандық Сәулет және қала құрылысы бөлімінің меңгерушісі Мейірлан Сәдуақасов.

Негізі, су қалаға 2024 жылы берілуі керек еді. Алайда қала ішіндегі құбырлардың 80 пайызы тозып, қатты қысымға шыдамай қалыпты. Былтыр мұндағы 34 шақырым желінің тек 10 шақырымы ғана жаңғыртылған.

«34 шақырым құбырды ауыстырып жатырмыз. Қаланың ішіндегі құбырды айырбастаудың өзгешелігі бар. Өйткені қаланың ішінде коммуникациялар бар ғой. Сондықтан бөгет көп болады», – деді Қарқаралы қалалық сумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы Ғалым Мұсағалиев.

Қарқаралы қаласында 9 мыңнан астам тұрғын бар. Ғалымдардың пайымдауынша, Жарлы жерасты суы қалаға ғана емес, маңайдағы ауылдарды да түгел қамтамасыз етуге жетеді. Дегенмен тұрғындар биыл да жоба аяқсыз қала ма деп алаңдап, күдікпен күй кешіп отыр.

ӘДЕМІ ӘУЕСТІКТЕН – КӘДЕЛІ ӨНЕРГЕ

Егер бойыңызда жұрт мойындайтын талант болса, ол бір күні міндетті түрде паш етіледі. Шын талант ешқашан бұғып қалмайды. Жақында мұндай нәрсеге де куә болдық. Ауылдан шығып, Астана төріндегі Мәжіліс үйінде жеке авторлық көрмесін өткізген Жомарт Ермадиевті қазір көпшілік танымасы анық. Өйткені ол бұған дейін еш жерде көрме қоймаған және байқауларда да бақ сынамаған. Адамның портретін салу – оның хоббиі, бұл хоббиі кейіннен суретшінің бағын ашып, туындылары көпшіліктің жүрегіне жол тартты.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Суретшінің қиялы мен қолының жұмысы үйлессе ғана тамаша сурет шығады. Осындай талай суретті тудырған талант иесіне хабарласып, әлі ешкім үніліп көрмеген құпия шығармашылығы туралы сұрадық. Бір қызығы, Жомарт Ермадиев – кәсіби білімі жоқ суретші. Ол бойындағы қабілетін атадан берілген өнер деп бағалайды. Айтуынша, әкесі ағаштан мүсін жасайтын шебер, қамшы өретін өрімші болған, анасы да өнерден құралақан емес, құрақ құраған тігінші болыпты. Бала күнінен белгілі тұлғалардың бейнесін ақ параққа түсіріп, шығармашылықтағы қадамын нық баса түскен. Қазір 800-ге жуық портрет жинағы бар.

– Бала кезімнен сурет салуға қызықтым. Әсіресе, адамның түрін, портретін салғанды жақсы көретін едім. Ең бірінші Абай атамыздың суретін салғаным есімде. Өйткені өзім қазіргі Абай ауданының тумасымын, әрі Абай Құнанбаевты әлем таниды. Сондықтан қазақ қана емес, әлем мойындаған атамызды бейнелеу өнерінде де көрсеткім келді. Негізі портрет – бейнелеу өнерінің ішіндегі ең қиыны. Солай болса да бұл мені ерекше қызықтырады.

Мектеп бітіргеннен кейін Педагогикалық институтқа түстім. Бойымдағы суретшілікті бірінші байқаған әпкем Жанар болды. Маған барынша қолдау білдіріп, институттағы оқу ақысын төлеп отырды. Оқуымды бітірген соң, Алматыдағы Жамбыл ауданында біршама уақыт мұғалім болып қызмет етіп жүрдім де, Абай ауданына келдім. Қандай жағдай болса



да, сурет салуды тастамадым. Қазір мал шаруашылығымен айналысамын, бос уақытымда құрылысқа шығып, шаш қиып жүрмін. Жұмыс талғамаймын, – дейді ол.

Өнерге бос уақытын ғана емес, өмірін арнап келе жатқан суретші Жомарт Жұмақайұлы – 3 баланың әкесі. Олардың ішінде әке жолын қуып, біржола өнерге бет бұрғаны болмаса да, әрқайсысы небір суреттерді тудырған әуеской суретші екенін де тілге тиек етті. «Мен суретке қалай келдім, балаларым да солай бейнелеу өнеріне хобби ретінде қарайды. Егер дарының қанында ағып тұрса, бәрібір бір қырыннан шығып тұрады екен ғой» деді ол сөз арасында. Кейіпкеріміз осыдан 2 жылдай бұрын әлеуметтік желіде парақша ашып, туындыларын салып отыруды қолға алыпты. Қазір TikTok-та – 2 мыңға жуық, Instagram-да 3 мыңнан аса оқырманы бар. Олардың көбі туындыларға ерекше қызығушылығын білдіріп, өздерінің де портретін салдыру үшін тапсырыс береді екен. Біз суретшінің адам бейнесін айнытпай салатын таланты туралы білгеннен кейін, Астанаға сапарының жайын сұрадық. Сурет қоржынындағы танымал тұлғалардың қатарында барлық депутаттың суреті бар. Жомарт Жұмақайұлының айтуынша, Мәжіліс төріндегі көрме депутат Ринат Зайытовтың ықпалымен жүзеге асқан.

– Депутаттардың суретін салып бастағанымда оны өздеріне де жіберуді ойладым. Сөйтіп Ринат Зайытов ағамыздың портреті дайын болғанда әлеуметтік желіден өзіне жібердім. Портреті қатты ұнаған екен, бірден хабарласып ұсынысын айтты. «98 Мәжіліс депутатының да портретін салатын болсаңыз, көрмеңізді өткізіп беремін» деді. Шынымды айтсам, сенерімді не сенбесімді білмедім. Бұрын-соңды бұлай жеке көрмемді өткізіп көрмегеннен бе – қатты толқыдым. Сөйтіп, ішкі толқынысымды жеңіп Астана қаласына аттандым.

Жаңағы 98 Мәжіліс депутатының портретінен бөлек, папкамда 50 Сенат депутаты мен 21 министрдің, ұлы ғұламалардың да суреттері болды. Көрме мен ойлағаннан да керемет өтті, – деді суретші Ж.Ермадиев.

Бүгінде портрет салатын суретшілерді адам көп жиналатын орындарда, ойын-сауық орталықтарында жиі көреміз. Мольберт алдында қалам ұстап, ерекше береткамен отырған суретшілердің туындысынан бұрын сыртқы келбеті де жұрт назарын бірден аударады. Ал Жомарт Ермадиевтің әлемі мүлде өзгеше. Үйде отырып

> **Бір портретті салуға 15 минут кетсе, енді біріне 15 күндей уақытын арнайды. Оған суреттегі адамның эмоциясы, мінез-құлқы, кейде өзінің көңіл күйі де әсер етеді.**

та тапсырыс қабылдайды. Айтуынша, бір портретті салуға 15 минут кетсе, енді біріне 15 күндей уақытын арнайды. Оған суреттегі адамның эмоциясы, мінез-құлқы, кейде өзінің көңіл күйі де әсер етеді. Өнерден иірімін тапқан туындыгер кәсіби білім алмағанына қынжылмай, керісінші бар білгенін өнерге ұмтылған балаларға да үйретуді мақсат тұтқан. Шығармашылығындағы тынысын ашқан портрет жанры суретшіні ұстаз етіп қалыптастырды. Талант иесі Кеңгірбай би ауылындағы Өнер мектебінде талай шәкіртке қалам ұстаудың сырын ұқтырып, өнерге баулып келді. Алайда ол бірер жыл бұрын отбасылық жағдайына байланысты жұмысынан шығуға тура келгенін айтты.

– Ауылымыздағы Өнер мектебінде жұмыс істеп жүргенімде қаншама оқушыларым жарыстарға қатысып, биіктерден көрінді. Өзім байқауларға қатыспадым ғой, сондықтан ондай дүниелерге шәкірттерім қатысса екен, көрсе екен деймін. Жұмыстан кеткеніме 1 жылдан аса уақыт өтті. Балалармен сағынысып кездесеміз. Қазір қайтадан шәкірт тәрбиелегім келіп жүр, – дейді суретші.

Оның айтуынша, өнердің биігіне жету үшін талант аздық етеді, кәсіби білім алудың да қажеттігі орасан зор. Өйткені таланты бар қаншама суретшілер теориялық білімінің жоқтығынан таныла алмай жатыр дегенді алға тартты. «Таяқтың екі ұшы секілді, кейбірі бейнелеу өнеріне үстіртін қарап оны бағаламай жатады, кейбірі мұны бекзат өнердің бірі деп санайды» деп тұжырымдады ол.

Біз талантты суретшіден болашақ жоспарлары жайлы да сұрадық. Ол алдағы уақытта туған жерінде, аудан көлемінде көрмесі қойылғаны қалайтынын атап өтті. Оған дейін ауыл, аудан азаматтарының портреттерін салумен айналыспақ. Көрме – суретшінің рухани әлеуетін көрсететін мәдени шара. Жақында Астана төріндегі көрме ерекше сипатқа ие болып еді. Ондағы портреттер – таза, үнсіз сөйлеп тұратын, адамның ішкі эмоциясын көзқарасымен, ал көзқарасын көлеңке мен штрихтар арқылы жеткізетін тұлғалардың рухани әлеміне бойлаған туынды. Жомарт Ермадиевтің портреттері көркем де шынайы болуының бір себебі осында жатқан болар.

NU ТӨРІНДЕ НАУРЫЗ ТОЙЛАНДЫ

Nazarbayev University студенттері мен оқытушылары көктемгі Наурыз мерекесін кең көлемде атап өтті. Университет кампусы әп-сәтте киіз үйлері, алтыбақандары, ойындары мен мерекелік дастарқаны бар үлкен дәстүрлі ауылға айналды.

Көктемгі фестиваль салтанатты концертпен басталды: NU оркестрі мен NU қоры көрермендерді дала музыкасымен таныстырып, «Қазағым-ай», «Ата толғауы», «Сәлем саған, туған ел» секілді шығармаларды орындады. NU президенті, доктор Вакар Ахмад ұжымды құттықтап, Наурыз мейрамы жаңарудың, береке мен бірліктің мерекесі екенін атап өтті:

«Бұл ерекше мереке ұлы елдің бай мәдени мұрасы мен дәстүрін көрсетеді, үмітті, келісімді және жаңа бастамаларды бейнелейді. Табиғаттың оянуымен көктем бізді дамуға, білімге, жаңалыққа ұмтылуға шабыттандырады. NU-да біз ынтымақтастық пен прогресс рухын бағалаймыз. Наурыз мейрамы әрқайсыңызға жаңа мүмкіндіктер, табыс пен береке әкеліп, қоғамымызды жарқын болашақ жолында нығайта берсін!», – деді ол.

NU вице-президенті Қадиша Даирова биыл аталып өтілетін ұлы Абайдың 180 жылдығы, сондай-ақ қысқа уақыт мерзімінде Орталық Азиядағы жетекші университетке айналған ЖОО-ның 15 жылдығы тойланатыны туралы айтты. Университет студенттерді кәсіби өмірге дайындауда Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын басшылыққа алады. Тұжырымдама адамды тек ақылды және батыл болуға ғана емес, сонымен қатар мейірімді және әділетті болуға үйретеді.

Кампуста NU мектептері және National Laboratory Astana «Ақ ниет ауылы», «Бақыт ауылы», «Береке ауылы», «Бірлік ауылы» және басқа да шағын тақырыптық ауылдар ұйымдастырды. Киіз үйлерде қонақтар бауырсақ, жент, палау, наурыз көжеге тойып, қолөнершілердің өнерін тамашалап, зергерлік бұйымдар сатып алып, қазақтың дәстүрлі ойындарына қатысты.

«ПОЛИГОН ЖАҢҒЫРЫҒЫ» БҰҰ-ДА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Нью-Йорктағы БҰҰ штаб-пәтерінде өткен Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің конференциясына қатысқан Қарағанды облысы делегациясы Семей ядролық полигонының құрбаны, әлемге әйгілі суретші Кәріпбек Күйіковтің суреттерін «Полигон жаңғырығы» атты көрме аясында таныстырды.

«Біздің Отанымыздың өнерін БҰҰ сияқты маңызды халықаралық тұғырнамада таныстыру – біз үшін үлкен мәртебе. Біз шығармашылық пен өнер арқылы бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңыздылығы туралы, жаһандық қауіпсіздікті қолдаудағы әрбір адамның рөлі туралы мықты хабарлама жеткізуге болатынына сенімдіміз», – деп атап өтті Қарағанды облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Көрмеге күн сайын 100-ден астам келуші келіп, олардың әрқайсысы Кәріпбек Күйіковтің қайсар мінезіне, сондай-ақ Қазақстанның ядролық қаруды таратпау қозғалысына қосқан ерекше үлесіне тәнті болды. Кәріпбек өзінің өнерінің арқасында әлемдегі бейбітшілік пен ядролық қарумен күрестің символына айналды. Оның өнері – жай ғана сурет емес, күрес, үміт, бейбіт, өмірге ұмтылу. Оның шығармаларын таныстыра отырып, біз еліміздің барша әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдайтынын көрсеттік. Біздің басты мақсатымыз – болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз, гүлденген әлемді қалдыру.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4575
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Наурызбек САРША